



Қазақстан Республикасының аумағына шеттен әкелінетін тауарлардың кедендік құнын белгілеу тәртібін қолдану жөніндегі Нұсқау

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы кеден комитеті 1995 жылғы 25 қыркүйек N 123-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 16 қазанда тіркелді. Тіркеу N 114. Күші жойылды - ҚР Кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2001.02.06. N 42 бұйрығымен. ~V011443

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығын орындау мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін тауарлардың

Кедендік құнын анықтау тәртібін қолдану бойынша нұсқау бекітілсін.

2. Кеден кірістері басқармасы (Мулькин С.Д.) Қазақстан Республикасы аумағында Кедендік құнды анықтау тәртібін ендіру бойынша әдістемелік басшылық жасауды қамтамасыз етсін.

3. Кеден комитетінің баспасөз қызметі (Мұратбаева Ә.О.) осы нұсқаудың ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға кіріссін.

4. Осы Бұйрықтың орындалуына жалпы басшылық жасау Кеден комитеті Төрағасының орынбасары Р.К.Куватовқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының аумағына шеттен
әкелінетін тауарлардың кедендік құнын
белгілеу Тәртібін қолдану жөніндегі
Нұсқау

Кіріспе.

Осы Нұсқау (әрі қарай - Нұсқау) Қазақстан Республикасы аумағына шеттен әкелінетін тауарлардың кедендік құнын белгілеу Тәртібін біркелкі түсіндіруді қамтамасыз ету және оны (әрі қарай - Тәртіп) практикада қолдану мақсатында

әзірленген.

Бұл Тәртіп шеттен әкелінетін тауарлардың кедендік құнын белгілеудің Еуропалық қоғамдастық елдерінде қабылданған және тариф пен сауда жөніндегі Бас келісімнің (ТСБК) YII-бабында бекітілген негізгі принциптері мен әдістерін Қазақстанның кедендік бақылау практикасына енгізеді.

Осы қадамның жүзеге асырылуы ел экономикасын әлемдік экономикалық қоғамдастыққа тиімді түрде интеграциялауды қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады және Қазақстан Республикасының ТСБК-ге қосылуы жөніндегі әзірлік шаралар шегінде жүзеге асырылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті (әрі қарай - Кеден комитеті) ТСБК принциптеріне негізделген, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Тәртіппен енгізілген кедендік бағалау жүйесін қазақстандық кеден мекемелерінің жұмыс практикасына енгізу жөніндегі жұмысты бастап отыр.

Нұсқауда Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығының (әрі қарай - Жарлық) кедендік құнды белгілеуге қатысы бар негізгі баптары жөнінде түсіндірмелер мен түсініктер бар, соларды түсіндіреді және тауарлардың кедендік бағасын жүзеге асыру кезінде практикада қолдану мақсаттары үшін анықтау түседі.

Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық кеден мекемелері осы Нұсқауды қолдануға міндетті.

I. Жалпы ережелер

1.1. Шеттен әкелінетін тауарлардың кедендік құнын белгілеу кедендік баж салығын, жиындарды және өзге де кедендік төлемдерді есептеу үшін нақты негізді анықтау мақсатында айыптарды өндіріп алуды және Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген кедендік тәртіп бұзушылықтар үшін қолданылатын өзге де санкцияларды, кедендік статистика жүргізуді қосып алғанда өзге кедендік мақсаттар үшін тауарлардың құнын анықтау мақсатында жүзеге асырылады. Бұдан басқа тауарлардың кедендік құнын белгілеу жүйесі бартерлік сауда кезінде тауар бағаларының дәлелділігін тексеру үшін және жауап ретінде жеткізілетін тауарлардың эквиваленттігін бақылау үшін, сондай-ақ валюталық бақылауды жүзеге асыруға қажетті өзге хабарды жинақтау және талдау мақсатында да пайдаланыла алады.

1.2. Белгіленген тәртіпті толық көлемде практикада тиімді пайдалану үшін оның жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етіп тұратын: хабарламалық-әдістемелік, ұйымдастыру-экономикалық, құқықтық жүйелердің болуы, сондай-ақ осы

заманғы компьютерлік жүйенің және арнайы дайындалған кадрлардың пайдаланылуы қажет.

Осы сәттерді ескере отырып, Тәртіпті кедендік бақылау практикасына енгізу қажетті жағдайлардың дайындық дәрежесі ескеріле отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Осы тауарлардың кедендік құнын белгілеуді Тәртіп белгілеген кедендік баға ережелеріне сәйкес декларант жүзеге асырады.

Кедендік құнды декларациялау кедендік құнды декларациялаудың Кеден комитеті белгілеген рәсімі мен түрлері (КҚД-1 және КҚД-2 түрлері) бойынша жүзеге асырылады. Бұл жағдайда кедендік құнның декларациясы құны АҚШ-тың 5000 долларына тең келетін немесе одан кем болатын белгіленген тауарлар номенклатурасы бойынша саудаға толтырылмайды, бұған кеденнің мәлімделген құнының дұрыстығына дәлелді күмәнін туғызатын жағдайлар (мысалы, бағалардың едәуір ауытқуы) жатпайды. ҚҚД толтырылмайтын тауарлар номенклатурасы бойынша кедендік құн тауарлардың кедендік құнын анық белгілеуге мүмкіндік беретін есеп-фактураларды, инвойстарды тауар көліктік хаттарды және басқа құжаттарды пайдалану арқылы белгіленеді.

ЖСКД-нің 42-графасында көрсетілген тауарлардың декларант мәлімдеген кедендік құнының дұрыстығына дәлелді күмәндар бар болған жағдайда, мысалы, сауда бағасының ауытқуы бағалардың қалыптасқан деңгейінен 30 және одан да көп процент болған жағдайда, кедендік ресімдеуді орындайтын кеден органының декларанттан ҚҚД-ны толтыруды және барлық қажетті құжаттарды көрсетуді талап етуге қақысы бар.

1.3. Қосымша хабар алуды қосқанда, мәлімделген кедендік құнды тексеру қажеттігі жүкті ұстап қалуға негіз бола алмайды. Жүкті ресімдеу және жіберу дағдылы тәртіппен жүзеге асырылады, олай болғанда ҚД-1 немесе ҚҚД-2 үлгілерінде кедендік құнды тексерген қызметшінің тексерудің нәтижелері туралы белгісі (қорытындысы) жасалады.

Кеден мекемесі декларантқа кедендік құнды белгілеу үшін немесе Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары белгіленген тәртіпте мәлімделген құнды растайтын құжаттарды көрсету үшін уақыт береді.

Қажет болған жағдайда жүк жіберілгеннен кейін кеден мекемесінің жүкті ресімдеген қызметкерлері кедендік құнның көлемін нақтылау мақсатымен тексеру (тергеу) жүргізе алады. Тексерудің қорытындысы бойынша кедендік құн, сондай-ақ кедендік төлемдердің тиісті сомалары қайта есептелініп, баж бен жиындардың алынбаған сомасы өндіріліп алына алады.

1.4. Енгізілген кедендік баға жүйесінің принципті ерекшелігі-құндық негізде жасалған саудалар бойынша сауданың бір нормативті, теориялық бағасы есебінде емес, (сатып алушыларға шынымен төленген немесе төленуге тиісті)

шын мәніндегі кедендік құн есебінде қабылдау. Осыған байланысты Жарлықтың 125-бабында көрсетілгендей декларант мәлімдеген кедендік құн және оны белгілеуге қатысты мәліметтер анық, сан жағынан белгілеуге болатын, объективті және құжаттармен расталатын хабарға негізделуге тиісті. Бұл - декларацияда көрсетілген сомалар 1-әдісті қолданған кезде құжаттармен шынымен төленген және сатып алушылар төлеуге тиісті деп расталатындай болу керек дегенді білдіреді.

1.5. Жарлық бекіткен кедендік құнды (2-6) белгілеу әдістерін қолдану Қазақстан Республикасы шекарасынан өткізілген тауарлар мен болып кеткен нақты сауда келісімдерінің бағасы туралы хабарды пайдалануға негізделуге тиісті. Сондықтан кеден мекемелері кедендік құн декларацияларындағы мәліметтерді жинақтауды, қорытуды және жүйелеуді, сондай-ақ осы мәліметті басқа кеден органдарымен алмастыруды қамтамасыз ету қажет.

КҚД-1 және КҚД-2 формаларындағы мәліметтен басқа Жарлық белгіленген кедендік баға жүйесін практикада тиімді қолдану үшін бағаның, табыстың, саудада қолданылатын жеңілдіктердің, шығындарының, кедендік тарифтердің және т.б. деңгейі туралы экономикалық хабарлама пайдалануға тиісті. Осы сияқты хабарламаны алудың тетігінде Кеден комитеті әзірлейтін болады және оның жасалып болуына қарай кедендік бақылау практикасына енгізіледі. Кеден мекемелеріне тиісті хабарлама (мысалы, көлік тарифтерін, сауда жеңілдіктерін және үстеме баға және т.б.) алу мақсатымен жергілікті басқару органдарымен өзара іс-қимыл орнатсын деген (ақыл-кеңес) нұсқау беріледі.

1.6. Жарлықтың 126-бабына сәйкес кеден мекемелеріне декларант тиісті төлемдік, банкілік, коммерциялық тауарлармен бірге жүретін құжаттарды көрсетпеген жағдайда өздерінде бар хабарламаны пайдалануға құқық беріледі.

Тәртіпті енгізудің алғашқы кезеңінде оны қолданған кезде хабарламалық базаның шектеулілігін ескеру және қолда бар хабарлама көздерін (бағалық анықтамаларды, баға преЙскуранттарын, фирмалардың каталогын, ортаконтрактілік бағалар жөніндегі анықтамаларды және т.б.) оларды бағаланатын тауарлардың осы жеткізілімнің ерекшеліктерін (тауар түрін, топтың мөлшерін, жіберілетін елді, жеткізілу шарты мен уақытын және т.б. ескере отырып тиісінше түзете отырып пайдалану қажет.

Кеден комитеті кеден мекемелеріне сыртқы сауда айналымындағы тауарларға деген әлемдік және контрактілік бағалар туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі базарындағы шеттен әкелінетін тауарларға деген бағалары туралы анықтамалық материалдар жіберіп отыратын болады.

II. Кедендік құнды анықтау әдістері және оларды қолдану тәртібі

2.1. Шеттен әкелінетін тауарлардың кедендік құнын белгілеу үшін берілген тәртіп бойынша қолданылатын төмендегі 6 бағалау әдісі бар:

1-әдіс - шеттен әкелінетін тауарлармен мәміленің бағасы бойынша;

2-әдіс - бірдей тауарлармен мәміленің бағасы бойынша;

3-әдіс - біртектес тауарлармен мәміленің бағасы бойынша;

4-әдіс - құнды шегеру;

5-әдіс - құнды қосу;

6-әдіс - резервтік әдіс.

Әдістерді қолданудың көрсетілген тізбегін 4 және 5-әдістерден басқасын өзгертуге болмайды, 4 және 5-әдістерді қолдану декларанттың қалауы бойынша өзгертіле береді.

Кедендік құн бір әдістің көмегімен белгіленетін жағдайда, басқаларын қолданудың керегі жоқ.

2.2. Сатып алу-сату мәмілесінің (яғни құндық негіздегі мәмілелердің) кедендік құнын белгілеудің негізгі әдісі-шеттен әкелінетін тауарлармен мәміленің бағасы бойынша бағалау (1-әдіс). Бағаны әрдайым бірінші әдістің қолданылатындығын тексерумен бастау керек.

Егер негізгі әдіс төменде қаралатын бірқатар жағдайларға байланысты пайдаланыла алмайтындай болса, жоғарыда аталған әдістердің біреуі қолданылады. Және кедендік құнның әрбір келесі әдісі алдындағы әдісті пайдалану арқылы кедендік құн белгілене алмайтын болса ғана қолданылады.

2.3. 2 және 3-әдістер кедендік құнды белгілеудің негізгі базасы ретінде бірдей немесе біртектес тауарлар бойынша мәміленің бағасын пайдалануға негізделген. Бұл жағдайда кеден мекемелерінің қолында бар хабарлама мен декларант көрсеткен құжатпен расталған хабарлама бірдей дәрежеде пайдаланыла алады. Кедендік құнды белгілеудің негізгі базасы ретінде хабарламаны таңдаған кезде критерий оның бағаланатын мәміленің шарттарына жақындық дәрежесі болып табылады.

2.4. Құнды шегеру және қосу әдістері (4 және 5-әдістер) кедендік құнды есептеудің принципті түрде әртүрлі базасын көздейді. 4-әдіс тауарлар өзгерілмеген күйде сатылатын бағаға негізделген (немесе ұқсатылған күйде, егер осы ұқсатудың тауар бағасына әсері анықталынатын болса): 5-әдіс тауар өндіруге кеткен шығындар туралы мәліметтерге негізделген. Осы екі әдісті қолдану белгілі бір қиыншылықтарға, соның ішінде қажетті хабарлама алуға байланысты болғандықтан, оларды пайдалану реттілігін декларант анықтай алады (Жарлықтың 127-бабын қараңыз).

2.5. 6-әдіс резервте, себебі ол кедендік құнды белгілеу үшін алдындағы әдістердің бірде-біреуін пайдалануға болмайтын жағдайларда қолданылады.

Кеден қызметкері 1-5 әдістерді қолдану мүмкін болмаған кезде шеттен әкелінетін тауарлардың кедендік құнын өз бетінше шығаруға мәжбүр болған жағдайда ол 2-5 әдістердің шарттарын (талаптарын) түсіндіруде әлдеқайда икемдірек болатын резервтегі 6-әдісті пайдаланады.

Ескерту: Кедендік бағалаудың осы жүйесін қолданып жүрген елдердің тәжірибесі жағдайдың 90 проценттейінде 1-әдіс, яғни мәміленің бағасы бойынша бағалау әдісі пайдаланылатынын көрсетеді. Басқа әдістердің үлесі шамалы бірдей, 6-әдіс сәл-пәл басымырақ.

III. Шеттен әкелінетін тауарлармен мәміленің бағасы бойынша бағалау әдісі (1-әдіс)

3.1. Көп жағдайда құндық негізде жасалған сатып алу-сату мәмілелері бойынша 1-әдіс қолданылады.

Оның мәні мынада: кедендік құн шеттен әкелінетін тауарлармен мәміленің бағасы негізінде белгіленеді.

Мәміленің бағасы (немесе тауарлардың трансакциялық құны) деп апарылатын елге экспортқа сату кезінде тауарлардың іс жүзінде төленген немесе төленуге тиісті және бағаға белгіленген қосымшаларды және одан шегерілгендерді ескере отырып түзетілген бағаны түсінуге болады.

Іс жүзінде төленген немесе төленетін баға - Бұл жүзеге асырылған немесе сатып алушының сатушыға немесе соның пайдасы үшін шеттен әкелінген тауарларға төлейтін, бірақ тауарларды кедендік ресімдеу сәтінде әлі төленбеген төлемнің жалпы сомасы.

Төлем мына нысандарда:

- а) аудару;
- ә) аккредитив;
- б) инкасса;

және осылардың араласқан нысандарында жүзеге асырыла алады.

Бұдан басқа қолданылып жүрген валюталық заңдарға қайшы келмейтін жағдайларда аванстық төлемдер қолданылуы мүмкін.

Тәртіпте көзделген (мысалы, бағаға әсер ететін) шектеулер жоқ болған жағдайда мемлекеттік несиелер есебіне тауарлар жеткізілгенде, төлемнің осы нысанында 1-әдісті қолдануға болады.

Жанама төлемнің мысалы ретінде сатушының сатып алушы алдындағы қарыздарын өтеу есебінде тауарлардың шеттен жеткізілуін алуға болады (яғни, бұл жағдайда мәміленің құндық көрінісі бар деп есептеуге болады, бірақ ертерек төленіп қойған, сондықтан ақшалай сомалардың орын ауысуы болған).

3.2. 1-әдістің қолданылу шарттары

Әдіс төлемдегі бес шарт ұсталған және бағаға қажетті түзетулер ("+" және "-") жүзеге асырылған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

1) тауар импорттаушы елге экспорт үшін сатылған, яғни, жүзеге асырылған сатып алу-сату мәмілесі халықаралық сипатқа иә және тауардың шекарадан өтуі орын алып отыр;

2) бағаланатын тауарға импорттаушының құқы жөнінде:

Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген шектерді;

тауарлар қайталап сатылуға (меншіктен айыруға) болатын географиялық айлақтың шектерін;

тауарлардың бағасына елеулі әсер етпейтін шектерді қоспағанда басқа шек жоқ;

3) Мәміленің бағасы әсері ескерілмейтін әлдебір шарттарды сақтауға байланысты емес;

4) кедендік құнды белгілеген кезде декларант пайдаланған мәліметтер құжаттармен расталған;

5) тауар импорттаушы және экспорттаушы олардың өзара тәуелділігі мәміленің бағасына әсер етпеген және оны декларант дәлелдеуге тиісті жағдайларды қоспағанда өзара тәуелді тұлғалар болып табылмайды.

Енді осы шарттардың әрбірін қарап шығайық.

3.2.1. Тауар импорттаушы елге экспортқа сатылған

Бұл шартта екі нәрсе мәнге ие болады: импорттаушы елге сату және экспорттау. Бұл әдісті қолдану шарты тауардың сатылғандығының растығы болып табылады дегенді, яғни шарт негізінде шекара арқылы экспорттаушы елден импорттаушы елге тауар өткізу жүзеге асырылып, сатып алушыдан осы тауардың орнына қабылданған ақшалай есептердің (төлемдердің) нысандарына сәйкес тең бағалы ақшалай сома алынып, сатып алу-сату мәмілесі рас болғандығын білдіреді.

1-мысал:

Сатып алушылар қатары болғанда кедендік құнды анықтау.

Сатушы 1 сатып алушы 2 сатып алушы 3 сатып алушы

Қытай 1000 Канада 15000 АҚШ 20000 Қазақстан

(А) АҚШ дол. (Б) АҚШ дол. (В) АҚШ долл. (С)

Тауар Қытайдағы сатушыдан Канададағы және АҚШ-тағы сатушылар арқылы Қазақстанға келіп, осы жерде еркін айналымға шығу үшін декларацияланады. Сонда мәміленің бағасы төмендегіше өзгереді:

А-дан Б-ға - 10000 АҚШ долл.

Б-дан В-ге - 15000 АҚШ долл.

В-ден С-ға - 20000 АҚШ долл.

Бұл жерде тауарды еркін айналымға шығару туралы өтініш импорттаушы елге экспорттаудың фактісі болып табылады.

Сатып алушылар қатары болғанда мәміле бағасы ретінде тауарды еркін айналымға шығарғысы келетін адамның сатып алу бағасы алынады. Осы мысалда мәміле бағасы ретінде 3-сатып алушының (С) сатып алу бағасы қабылдану керек - 20000 АҚШ долл., өйткені тек сол ғана тауарды еркін айналымға шығарады.

Жоғарыда қарап шыққан ережелер ескерілгенде 1-әдіс сатып алу-сату мәмілелеріне жатпайтын төмендегі сыртқы экономикалық мәмілелерге қолданыла алмайды (яғни: бұл мәмілелердің құндық негізі жоқ):

а) тауардың тегін жеткізілуі.

Мысалы, сатушы үлгі ретінде сатып алушы 5 кресло жеткізіп береді. Бұл жағдайда сатып алу-сату шарты негізіндегі мәміленің бағасы жоқ, сондықтан кедендік құнды белгілеудің 1-әдісі қолданыла алмайды;

ә) тауар консигнация шарттары негізінде жеткізілген.

Жеткізіп беруші өзінің агентіне жеткізіп берушіге әлдеқайда тиімді шарттармен сату үшін картоп жеткізіп береді.

Бұл жерде агент картопты сатып алмайды, яғни оның иесі болмайды; картоп сатудан түскен табысты сату барысындағы шығындарын және жалақысын агентке төлегенін есепке алған соң, жеткізіп беруші өзі алады;

б) тауарды делдалға сатпай делдал арқылы жеткізіп беру.

Шина жеткізіп беруші оларды импорттаушы елдегі өзінің агентіне жеткізіп берушінің өз бағасы бойынша сату мақсатымен және өзінің тәуекел етуімен жібереді, табысты жеткізіп беруші алады;

в) тауарды негізгі компания және бәсірелес фирмалар немесе филиалдар жеткізіп береді.

Заңды тұлға болып табылатын негізгі компания Белгияда орналасқан және Алматыда өзінің заңды тұлға емес және өз атынан әрекет жасамайтын филиалы бар. Олардың арасындағы тауарларды жеткізіп беріп тұру сатып алу-сату мәмілесі ұғымына жатпайды және оларға кедендік құнды белгілеудің 1-әдісі қолданыла алмайды да:

г) бартерлік немесе компенсациялық операциялар шеңберінде тауарларды жеткізіп беру.

Бұл жағдайда тауар бағасының эквиваленті ретінде басқа тауар жүреді, яғни мәміленің бағасы ақшалай көрінбейді және тиісті төлемдік және банкілік құжаттардың негізінде тауарлар үшін ақшалай есептер де болмайды. Кедендік құнды белгілеудің бірінші әдісі қолданыла алмайды;

д) жал шарты (лизинг) бойынша тауарлар жеткізіп беру.

Бұл жағдайда тауарға деген меншікті құқық жалға берушіден жалдаушыға ауыспайды, тауарды пайдалану құқығы үшін меншік иесі табыстың бір бөлігін алады, ал тауар белгілі бір уақыттан соң меншік иесіне (жалға берушіге) қайтарылады. Сонымен, сатып алу-сату фактісі жоқ болғандықтан, 1-әдіс қолданылыс таба алмайды.

е) уақытша алып кету мақсатымен тауарлар жеткізіп беру.

Мысалы, меншік иесі (жеткізіп беруші) тұтынушыға уақытша алып кету шарты негізінде машина береді, ол белгілі бір уақыттан соң жеткізіп берушіге қайтарылады.

ж) өндіріс қалдықтарын басқа елге алып кету.

Жасалған шарттарға сәйкес кейбір елге оларды коммерциясыз пайдаға асыру мақсатымен тасып жетіледі, мысалы ядролық қалдықтарды оларды көміп тастау мақсатымен. 1-әдіс бұл жағдайларда да қолданылмайды. Жоғарыда аталған мәмілелерге және импорттаушы елге экспорттау мақсатындағы сатып алу-сату фактісі жоқ кез келген басқа мәмілелерге кедендік құнды белгілеудің басқа әдістері (2-6 әдістер) қолданылады.

з) Кепілдіктер есебінен тауарлар жеткізіп беру

Кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген жарақтың жеке механизмдері істен шығып қалды. Оларды ауыстыру үшін жаңа детальдар жеткізіледі.

3.2.2. Тәртіп белгілеген шектеулерді қоспағанда бағаланатын тауарға деген импорттаушының құқы жөнінде шектеулер жоқ

Белгіленген шарттарды орындаған жағдайда тауарлардың кедендік құнын белгілеу үшін 1-әдісті қолдануға болады.

Шеттен әкелінетін тауарға деген импорттаушының құқықтары жөнінде белгілі бір шектеулер бар болып тұрғанда 1-әдіс қолданыс таба алмайды. Осыған байланысты бар болып тұрғанда 1-әдісті қолдануға мүмкіндік бермейтін шектеулер мен осы әдісті қолдануға рұқсат беретін шектеулерді нақты ажырату қажет.

Тәртіп импортаушының (сатып алушының) бағаланатын тауарға деген құқықтары жөнінде 1-әдісті қолдануға рұқсат беретін шектеулердің тек қана үш түрінің болуын белгілейді; Егер импорттаушының (сатып алушының) құқықтарына қандайда бір өзге шектеулер бар болса, 1-әдіс қолданылмайды.

Шеттен әкелінетін тауар жөнінде сатып алушының құқықтарын шектеудің төменде аталған 3 түрі кедендік құнды белгілеудің бірінші әдісін қолдануға мүмкіндік береді:

а) Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген шектеулер.

Бұл жағдайда мысалы, белгілі бір тауарды және т.б. импорттауға құқы бар тұлғалар аясы жөніндегі шектеулер сөз болып отыр. Соның ішінде ядролық, химиялық уландырғыш заттар, есірткілерді импорттау мекемелердің тек қатаң

шектеулі аясына ғана рұқсат етіледі;

ә) тауарлар қайта сатыла алатын географиялық аймақты шектеулер.

Бұл жағдайда тауарды қайта сататын жекелеген тұлғалар үшін аумақтық шектеулер ойда болып отыр. Мысалы, "сатушы тауарды Қазақстан аумағына өз сатушыларына сатады және бүкіл аумақты жеке-жеке сатушы қойып 10 бөлікке бөледі, осыған орай әрбір сатушы тауарды тек өз аумағында сата алады деген шарт қойылады";

б) тауар бағасына елеулі әсер етпейтін шектеулер.

Шектеулердің барлық түрін бағалаудағы басты критерий олардың 1-әдісі пайдалану мүмкіндігі әсері тұрғысынан - бұл ана немесе мына шарттың мәміле бағасына әсер ету дәрежесі болып табылады. Мәміленің бағасына шектетудің елеулі әсері жоқ болғанда, ол 1-әдістің пайдаланылуына бөгет жасай алмайды.

Ескерту: шетелдік тәжірибе көрсеткеніндей, практикада

мәміле бағасына елеулі әсер ететін шектеулердің барлығы туралы мәміледе іс жүзінде болмайды да.

Егер бағаға едәуір әсер ететін шарттың барлығы туралы мәлімделетін болса, осы шарттың нәтижесінде бағаның сандық өзгерісі құжат арқылы белгіленетін болса, онда 1-әдістің қолданылуы мүмкін; егер бағаға сандық әсердегі белгілеуге және құжат арқылы растауға болмаса, онда бағалаудың басқа әдістеріне көшу қажет.

Мысалы. Экспорт үшін сатушы импорт еліндегі сатып алушы оны қайырылымдылық мақсаттарына пайдаланатын болады деген шарт пен медициналық аппарат сатты. Бұл жағдайда 1-әдіс қолданыс таба алмайды, себебі тауарды пайдалануға қатысты сатып алушының құқықтарының шектелуі орын алып отыр және осындай шарт мәміле бағасына елеулі әсер ете алады. Бағалаудың басқа әдістері қолданылуға тиісті (2-6).

3.2.3. Мәміле бағасы әсері ескертілмейтін әлде бір шарттарға байланысты емес

Бұл шарт 1-әдісті қолдану тауарды сату немесе оның бағасы:

а) сатудың шарттарына немесе;

ә) бағасын белгілеуге келмейтін жеткізілімдердің шарттарына байланысты емес жағдайларда мүмкін екендігі білдіреді.

Бұл жағдайда мәміле шарттарын қарағанда жалпы сипаттағы және ВЭД-ке қатысушылардың бәріне қатысы бар (немесе оларға жағдайлар жасалынуы мүмкін) жағдайлар мен таңдамалы сипаттағы және жалпыға бірдей емес жағдайларды ажыратып алу керек.

Төменде сыртқы экономикалық қызметте орын алған, 1-әдісті пайдалану

мүмкіндігіне әсер етпейтін жеткізілімдердің көпшілік қолдаған шарттары келтірілген, яғни олардың барында 1-әдісті қолдануға рұқсат етіледі:

- жеткізілімдердің жалпыға бірдей шарттары (ең алдымен ИНКОТЕРМС-ФОб, СИФ, ДАФ т.б. түсіндіретін жеткізілім шарттары);

- "сарапшыны қатыстыра отырып сатып алу (сарапшының қорытындысы болуы)", тауарларды белгілі бір күнге дейін жеткізіп беретін шартпен сатып алу", сондай-ақ сыртқы сауда операциялары үшін жалпыға бірдей болып табылатын және мәміле бағасына әсер етпейтін басқа шарттар (тауар санына жеңілдік, бір сатушыға "адал болу" және т.б.) секілді мәмілелерді жасаудың жалпыға бірдей шарттары мен жеткізілімдерді жүзеге асыру;

Мысалы, бір сатушыдан ғана үнемі тауар сатып алатын сатып алушыға баға жөнінен жеңілдік жасалса, ал бұл көпшілік мақұлдаған практика болып табылады, онда бұндай жеңілдік, демек мәміле бағасы мойындалу (танылу) керек және 1-әдісте пайдалануға болады.

- сатып алушыға сатушының импорт елінде дайындалған техникалық талдамаларды немесе сызбаларды беруі (1-ескертуді қара);

- сатып алушының өз есебінен (мүмкін тіпті сатып алушымен келісім бойынша) шеттен әкелінетін тауарларды сатуға қатысты қандай да болса бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруы, мысалы, сатып алушы төлейтін жарнама бойынша қызмет (2-ескертуді қара).

Мәміле жасалған кезде оның шарттары ретінде бағаланатын тауарлардың құны белгілене алмайтындай шарттар қойылатын болса, 1-әдіс қолданыс таба алмайды, нәтижесінде мәміле бағасы кеден мақсаттары үшін қолайсыз болады. Ондай шарттарға мыналар жатады:

- сатушы шеттен әкелінетін тауарлардың бағасын сатып алушы сондай-ақ басқа тауарларды да белгілі бір мөлшерде сатып алады деген шартпен белгілейді;

Мысалы, 5000 ақша бірлігіне былғары бұйымдары жеткізіледі. Жеткізіп беруші импорттаушы бағасы белгісіз 2000 пар аяқ киімді қосымша сатып алады деп шарт қояды;

- шеттен әкелінетін тауарлардың бағасы шеттен әкелінетін тауарларды сатып алушының шеттен әкелінетін тауарларды сатушыға сататын басқа тауарларының бағасына немесе бағаларына байланысты;

Мысалы, сатушы 1000 ақшалай бірлікке электр тауарларын сатады. Сатып алушы сол сатушыға осы тауарларды өндіру үшін реле сатады. Осыған байланысты сатушы релінің бағасы 10000 ақшалай бірлік деген шарт қояды.

Сонымен электр құралының бағасы реле бағасының әсерін "сезеді".

- баға шеттен әкелінетін тауарларға қатысы жоқ төлем нысандары негізінде белгіленеді.

Мысалы, шеттен әкелінетін тауарлар сатушы дайын тауарлардың белгілі бір мөлшерін өзі алады деген шартпен жеткізілетін жартылай фабрикаттар болып табылады; Мысалы, сатушы 10000 ақша бірлігіне ағаш сатады. Сатып алушы ағаштан бар болғаны 1000 дана үстел жасайды. Сатушы шарт қояды: сатып алушы ағаштың құны есебінен 500 үстел жеткізіп береді, үстелдердің құны белгіленбеген.

- сатып алу-сату келісімі тек сол сатушыдан сатып алу шартын көздейді;
- сатып алу-сату келісімі мәміленің бағасын тауарларды бір-біріне сату (жеткізіп беру) шартымен белгілейді.

Осындай шарттар болғанда, олардың мәміле бағасына әсері болған-болмаған және сол жерді сан жағынан белгілеуге болар-болмасын анықтау қажет. Шарттардың бағаға сан жағынан әсерін белгілеу мүмкін болса және мәлімделген баға іс жүзінде төленген немесе төленуге тиісті болса ғана, 1-әдіс қолданыс таба алады.

3.2.4. Декларанттың кедендік құнды белгілеу үшін пайдаланылған мәліметтері құжаттар арқылы расталған болу керек.

Осы талапқа сәйкес кедендік құн 1-әдіс бойынша, егер оның кедендік құн декларациясында көрсетілген элементтері тиісті құжаттармен расталған болса ғана белгілене алады, оның ішінде:

- а) баға (яғни мәміле бағасы) жеткізілімді төлеген есеп-фактурамен расталады;
- ә) мәміленің бағасына қосымша үстемелер-төлемдік, тауармен бірге жүретін, қауіпсіздендіру, коммерциялық құжаттармен расталады;
- б) шығындардың жұмсалған (шегерілген) сомалары - төлемдік, тауармен бірге жүретін, коммерциялық кедендік құжаттармен расталады.

Құжаттар арқылы расталмай әдіс қолданыс таба алмайды.

3.2.5. Импорттаушы және экспорттаушы олардың тәуелділігі мәміле бағасына әсер етпеген оны декларант құжатпен дәлелдеген жағдайларды қоспағанда бір-біріне тәуелді тұлғалар болып саналмайды.

Өзара тәуелді болған заңды және жеке тұлғалар туралы анықтаманы Тәртіп белгіленген, соған сәйкес тұлғалар, егер: мәмілеге қатысушының біреуі (жеке адам) немесе мәмілеге қатысушылардың біреуінің бір лауазымды тұлғасы бір мезгілде мәмілеге қатысушылардың басқа біреуінің лауазымды тұлғасы болып табылса ғана, тұлғалар өзара тәуелді болып табылады;

- мәмілеге қатысушылар ортақ иегер болып табылады;
- мәмілеге қатысушылар жалдау қатынастары арқылы байланысқан;
- мәмілеге қатысушының біреуі басқа қатысушының жарғылық капиталының 5 проценттен кем емес үлесіне немесе дауыс құқы бар акциялар пакетіне ие;
- мәмілеге қатысушының екеуі де үшінші бір заңды немесе жеке тұлғаның

тікелей немесе жанамалай бақылауында;

мәмілеге қатысушылар үшінші тұлғаны тікелей немесе жанамалай бірлесе бақылайды;

мәмілеге қатысушылар немесе олардың лауазымды тұлғалары жақын туысқандар болып табылады;

сатушы мен сатып алушының өзара тәуелділігі туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы тәуелділіктің мәміле бағасына әсерін декларант көрсетеді.

Ескерту: кедендік құнды белгілеудің осы жүйесін қолданатын елдердің тәжірибесі сатып алушы мен сатушы арасындағы өзара тәуелділікті декларант өте сирек атап өтетінін көрсетеді. Мұндай тәуелділікті кеден органдары жүргізілген тергеулер және фирмаларды және олардың жарғыларын тіркеу туралы жарияланған хабарламаны талдау негізінде белгілейді.

Сатушы мен сатып алушының арасында байланыстың болуы тіпті мәлімделген мәміленің бағасы сол сияқты тауарларға деген бағаның дағдылы деңгейінен төмен жағдайда да мәміленің мәлімделген бағасын мойындауға және 1-әдісті қолданудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

Бұл жағдайда өзара тәуелділіктің болған-болмағанын және оның мәміле бағасына әсер еткен-етпегенін анықтау қажет. Егер әсер анықталмаса, онда мәміле бағасын кеден қолайлы деп табылады. Егер бағаға әсер еткен болса (немесе кеден мекемесінің солай деп есептеуге негізі болса), онда кеден мекемесі бұл туралы импорттаушыға (декларантқа) хабарлайды және оған олай емес екенін дәлелдеуге және мәлімделген бағаны құжаттармен растауға мүмкіндік береді.

Тексеру қажеттігі жүкті ұстап қалуға негіз бола алмайды. Жүк дағдылы тәртіп бойынша ресімделеді, ал одан кейін жүргізілген тексерудің мәліметтері бойынша кедендік құн қайта есептелуі және баждар мен жиындардың түгел алынбаған сомалары өндіріліп алынуы мүмкін.

Күдік пайда болған жағдайдың бәрінде тиісті мәміле туралы мәліметтер арнаулы есепке алынады.

Сатушы мен сатып алушы арасындағы өзара тәуелділік болған жағдайлардағы кеден органдарының негізгі іс-әрекеттері:

1) Бұрын осы фирмамен мәміле жасасқан-жасаспағанын және олар жөнінде қандай ескертпелер болғанын тексеру; кеден мекемесінде жатқан, осы мәмілеге тікелей немесе жанама қатысы бар хабарламаны талдау. Қажетті хабарламаған ие болып отырған Кеден мекемесі өзара тәуелді емес тұлғалардың арасындағы дәл осындай немесе осыған ұқсас тауарлар жөніндегі мәмілелермен, болмаса 4 немесе 5-әдістер бойынша белгіленген дәл осындай немесе осыған ұқсас

тауарлардың кедендік құнымен өз бетінше бақылау салыстырулар жүргізе алады.

Осы хабарлама өзара тәуелділік мәміле бағасына әсер етпегені туралы қорытынды үшін жеткілікті болып табылған жағдайда, кеден органы мәлімделген бағаны декларанттан қосымша хабарлама сұрамай-ақ қабылдайды және кеден құнын 1-әдіс бойынша белгілеу үшін пайдаланады. Одан ары тергеуді жүргізбеуге болады.

2) Осы өзара тәуелділіктің тауар базасына әсерін талдап шығу.

Талдау барысында сатушы мен сатып алушының коммерциялық қатынастары ұйымдастыру сипаты; тауарды сату шарттары; тапсырыстардың қалай берілгендігі; тауар құнының қалай кем есептелгендігі, сөз болып отырған бағаның белгіленуі және есепке енгізілуі; төлеудің қалай жасалғаны, төлемдердің қалай өткені және т.б. қарастырылады.

Тергеу (талдау) барысында сатушы мен сатып алушы өзара тәуелді тұлғалар болып табылса да, бір-бірімен байланысты еместей бір-бірін тауар сатып алып және оларды сатқаны анықталған болса, онда олардың өзара қарым-қатынасы бағаға әсер етпегені.

а) Мысалы, егер бағаның өндірістің осы саласындағы дағдылы баға жасау практикасына сәйкес немесе сатушы өзімен байланысты емес сатып алушыларға сату үшін бағаны белгілеген жолмен белгіленгені анықталса, бұл контрагенттердің өзара тәуелділігі бағаға әсер етпегенін растайды.

ә) Бағаның сатушы мен сатып алушының өзара тәуелділігінің әсеріне ұшырамағанын растайтын басқа мысал ретінде мәлімделген баға барлық шығындарды осы фирманың көрсетіп отырған кезең ішінде (мысалы, бір жыл ішінде) тура осы топтағы немесе түрдегі тауарларды сатқан кездегі жалпы табысы үшін деңгейі дағдылы болып табылатын табысымен қоса қамтамасыз етуге бара-бар екенін дәлелдеген жағдайда келтіруге болады.

Сатушы мен сатып алушының өзара тәуелділігін мәміле бағасына әсер етпегенін тергеу растаған жағдайда, баға қолайлы деп табылады және кеден құнын белгілеу үшін 1-әдіс қолданылады. Олай болмаған жағдайда 2-6 әдістер пайдаланылады.

3) Декларантқа мәміленің бағасына өзара тәуелділіктің әсері болмағанын құжатпен дәлелдейтін мүмкіндік беру; декларанттың мәлімделген мәміле бағасын дәлелдеу үшін ұсынған құжаттарын қарап шығу;

4) Декларант мәлімдеген мәміле бағасын қабылдамауға кеденнің негізі бар жағдайда ол негіздерді жазбаша жазып және дәлелдеп беру; импорттаушының талабы бойынша оған тиісті анықтаманы беру;

5) Импорттаушының қалауы бойынша тұлғалардың өзара тәуелділігінің мәміле бағасына әсерін талдау нәтижелерін күтпей-ақ кедендік құнды

белгілеудің 2-әдісіне көшу;

б) Осы фирманы арнаулы есепке алу.

Кеден органының өзара тәуелділіктің барлығы жағынан да, мәміле бағасына оның әсері болғаны жағынан да жеткілікті дәлелденген күмән жоқ болса да, фирманы арнаулы бақылауға ала алатынын ескеру керек. Мұндай бақылау басқа мәмілелерді ресімдеген кезде фирманың қылығын бағып жүру үшін қажет, тек содан кейін ғана, қажет болған жағдайда және қажетті хабарлама жинақталған кезде тергеу жүргізу керек.

Ескерту: сатушы мен сатып алушының арасындағы өзара байланыс анықталған жағдайдың бәрінде бірдей өзара тәуелді тұлғалардың арасындағы мәміле жағдаяттарын тергеуді және зерттеуді жүргізбеу керек екенін есте тұту керек. Мұндай зерттеу кеден органында бағаның тиімділігі жөніндегі жеткілікті дәлелденген күмәндер болғанда ғана қажет болады. Бағаның тиімділігі кеден мекемесінің күмәнін туғызбайтын жағдайларда, бұл баға ары қарайғы хабарламаны импорттаушыдан сұрамай-ақ қабылдана береді (мысалы, егер кеден органы бұған дейін бар байланысты зерттеуді жүргізген болса немесе контрагенттердің мәліметтері туралы жеткілікті хабарламаған ие болса).

Кеден мекемесі сатушы мен сатып алушының тәуелділігі жөнінде күмәнданатын жағдайда декларанттың өзара тәуелділік мәміле бағасына әсер етпегенін және оның мәлімделген бағасы шынында да төленгенін дәлелдеуге қақысы (ал кеден органы оған осы құқықты беруге міндетті - жоғарыдағы 4 нүктені қараңыз) бар. Өзара тәуелді тұлғалардың арасындағы мәміле бағасы тиімді деп танылу және оған 1-әдісті қолдану мүмкін болу үшін декларант оның мәлімдеген бағасы шынында да төленгенін немесе бағаланатын тауарлардың мәміле бағасы:

а) дәл осындай немесе соларға ұқсас тауарлардың сатып алушыларымен (яғни өзара тәуелді емес тұлғалармен) байланысы жоқ сатушылар сатқан кездегі мәміле бағасына;

ә) 4-әдіс бойынша есептелген дәл осындай немесе соларға ұқсас тауарлардың кедендік құнына;

б) 5-әдіс бойынша есептелген дәл сондай немесе соларға ұқсас тауарлардың кедендік құнына;

в) бұған дейін кеден органы қабылдаған "бақылау" құнына өте жақын екенін құжатпен дәлелдеу керек.

Осы салыстырулар тек декларанттың бастамасы бойынша жүзеге асырылады

және бағаланатын тауарлар жөніндегі мәміле шарттарымен салыстыру үшін пайдаланады. Бағаланатын тауарлардың бағасы осындай салыстырулар негізінде ауыстыра алмайды. Салыстырған кезде салыстырылатын мәмілелер шарттарындағы айырмашылықтар ескеріле отырып түзету жүргізілу керек (тауар көлемі, жеткізілімдер шарттары, көлік түрі және т.б.).

Одан басқа бір мәміленің бағасы немесе кедендік құны басқа бағаға қаншалықты "өте жақын" екенін анықтағанда бірқатар факторларды ескеру керек. Бұл факторлар шеттен әкелінетін тауарлардың сипатын, саланың өзінің ерекшелігін, тауарлар импортталатын сезонды, сондай-ақ құн (баға) айырмашылығының коммерциялық мәні бар-жоғын ескеруге тиіс. Бұл факторлар әр жағдайда бірдей бола алмайтындықтан, әмбебап стандартты, мысалы тұрақты процентті қолдану әрбір жеке жағдайда мүмкін болмаған болар еді. Мысалы, тауардың бір түріндегі құнның болмашы айырмашылығы тиімсіз болуы мүмкін, ал тауардың басқа бір түріндегі үлкен айырмашылық әбден тиімді болуы мүмкін.

Сонымен, әрбір нақты жағдайда арнаулы тергеу жүргізіп, осы істің жағдаятына сүйене отырып шешім қабылдау керек.

3.2.6. Кеден құнын белгілеу үшін 1-әдісті қолдану мүмкіндігін қарастырып отырған мәміле шарттарының 128-баптың 18-абзацы талаптарына сәйкестігін ескере отырып анықтап алғаннан кейін мәлімделген құнды түзету Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Жарлығының 128-бабы 2-абзацына сәйкес жүзеге асырылады.

Кедендік құнды белгілеудің бастапқы нүктесі әрдайым шынымен төленген немесе төленуге тиісті бағаны, яғни сатып алушы сатушыға төлеген іс жүзіндегі шығындарды белгілеу болып табылады.

Егер кедендік ресімдеу сәтінде тауар төленген болса, оның дәлелі ретінде сатушы ұсынған және сатып алушы төлеген есеп (есеп-фактура) көрсетіледі. Сонда төленген есепке қарап, сатып алушының пайдаланған іс жүзіндегі жеңілдіктері (мысалы, төлем шарттары жөніндегі жеңілдіктері) ескеріледі.

Жүкті кедендік ресімдеу сәтінде сатушы ұстанған есепті сатып алушы әлі төлемеген болса, онда кедендік органға КҚД-1 үлгісінде көрсетілген соманың есеп сомасына сәйкестігі тексерілетін төленбеген есеп көрсетіледі. Төленбеген есептерде төлем шарты бойынша жеңілдіктер мойындалмайды.

Декларант кез келген жағдайда мәміле бағасын растау үшін КҚД-1-ді толтырғанда, осы тауарды төленген немесе төленбегеніне қарамастан, төлеудің сатушы ұсынған есебін көрсетуге міндетті.

Есеп жоқ болғанда, 1-әдіс қолданылмайды және кедендік құнды белгілеу басқа әдістермен (2-6) жүзеге асырылады.

Көрсетілген есеп кеден органының күдігін туғызғанда (мөрлердің, сатушы

мен сатып алушының реквизиттерінің, мәліметтердің көмескі бейнеленуі және т.б. жоқ болуына байланысты), кеден органы (банкілік, коммерциялық және т.б.) мәміле бағасын растайтын басқа құжаттар талап етуге міндетті.

3.2.7. Егер кеден органы декларант көрсеткен құжаттарға сәйкес мәлімделген мәміле бағасын қабыл алса, онда келесі қадам мәміле бағасына қосымша үстемелердің қажеттігін анықтау болып табылады.

Бағаға үстемелер ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Жарлығының 128-бабы белгілеген төмендегі шығындар (элементтер) қарастырылады:

а) шеттен әкелінген тауарларды кедендік ресімдеу орнына дейінгі тасымалдау шығындары, оның ішінде:

тауарларды тиеу, түсіру, қайта тиеу және қоймаға жинау шығындары;
сақтандыру шығындары;

комиссиялық және өзге де делдалдық сыйақылар, контейнерлер құны сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасына сәйкес бағаланатын тауарларымен бірге тұтас бір бүтін ретінде қарастырылатын болса;

ә) орайтын материалдардың және орау жұмыстарының бағасын қоса алғандағы буып-түюдің бағасы;

б) сатып алушының сатушыға тікелей немесе жанамалай өндіріс үшін пайдалану немесе бағаланатын тауарларды экспортқа (иесінен айыруға) сату мақсатында тегін немесе төмен бағамен берген төмендегі тауарлардың (жұмыстардың және қызметтердің) бағасының тиісті бөлігі;

шикізат, материалдар, детальдар, жартылай фабрикаттар бағаланатын тауарлардың құрамдас бөлігі болып табылатын және басқа толықтыратын бұйымдар;

аспаптар, штамптар, үлгілер, бағаланатын тауарларды өндіру барысында пайдаланылған басқа да осындай жабдықтар;

бағаланатын тауарларды өндіру барысында шығындалған қосымша материалдар (жағатын материалдар, отын және т.б.);

Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерде жасалған, бағаланатын тауарларды өндіру үшін тікелей қажетті инженерлік және тәжірибелік-конструкторлық зерттемелер, дизайн, эскиздер;

в) бағаланатын тауарларды сату (иесінен айыру) шарты ретінде импорттаушы тікелей немесе жанамалай жүзеге асыруға тиісті зерделік меншік объектілерін пайдаланғаны үшін берілетін лицензиялық және өзге төлемдер;

г) кез келген келесі сатудан (иесінен айырудан) немесе экспорттаушыға қайтарылуға тиісті бағаланатын тауарларды пайдаланудан түсетін импорттаушы кірісінің бөлігі.

Жоғарыда аталған барлық шығындар мәміле бағасына:

- олар мәміле бағасына енгізілмегені;
- декларант құжат арқылы растаған жағдайда қосылуы мүмкін.

3.2.8. Мәміле бағасының құрылымы жеткізілім шартына байланысты.

Мәмілелердің нақты түрлерінің шарттарын дұрыс түсіндіру үшін сыртқы сауда саласында жиі қолданылатын коммерциялық терминдер жинағы бар "Инкотермс 1990"-ды пайдалану керек.

"Инкотермс 1990-да" жеткізілімнің коммерциялық шарттары 1-кестеде келтірілген негізінен әртүрлі төрт категорияға бөлінеді.

2 және 3 кестелерде мыналар көрсетілген:

әрбір шарт шығындарының құрамы және сатушы мен сатып алушы арасындағы шығындар бөлісі, сондай-ақ сатушы мен сатып алушының (құжаттардың әр түрін төлеуге ұсынғанына қарай) міндеттері.

Жеткізілімдердің ең көп кездесетін шарттары - бұл FOB (2 топ), CIF (3 топ) және DAF (4 топ).

Кестелерден көрініп тұрғанындай, жеткізілім шарттарының сатып алушының төлеген бағасының құрылымына қарай айырмашылықтары бар, яғни осы бағаға енгізілген шығындар құрамына қарай. Демек, кеден құны, құрылымына қойылатын талап тұрғысынан FOB бағаларын пайдаланған жағдайда бағаға қосымша үстеме қосу қажет, өйткені оған жүкті тасымалдау және сақтандыру шығындары енбеген.

Кеден мақсаттары үшін ең ыңғайлы баға CIF бағасы, ол құрылымы жағынан кеден құрылымының құнына сәйкес келеді.

DAF бағасын пайдаланғанда бағаға қоса сақтандыру шығындарын және жеткізілетін орнына байланысты ("шекара" термині деп экспорттаушы елдің шекарасын айтады, яғни, құжатта шекарашының қай жері көрсетілгеніне көңіл бөлу керек) - көлік шығындарын енгізу қажет.

ДДР шарттары бойынша тауар жеткізгенде бұл бағадан кеден құнына кірмейтін шығындарды, соның ішінде кеден баждары мен импорттаушы елдегі жиындарды шығарып тастау керек.

Мәміле бағасына қосымша үстемелер және одан шегерілгендер оларды құжат арқылы расталғанда ғана жүзеге асырылу керек.

3.3. Мәміле бағасына қосымша үстемелерді белгілеу тәртібі

Көлік шығындары.

Іс жүзінде сатып алушыға жүк жеткізіп беру үшін шығатын көлік шығындарына тауардың орнын ауыстыру жөніндегі барлық шығындар көлік құралдарының әр түріне, көлік құралдарын жалдауға жұмсалатын шығындар, арту, түсіру, қайта арту және тауарларды қоймаға жинау шығындары кіреді.

Көлік шығындары кедендік ресімдеу орындарына дейін ескеріледі.

Көлік шығындарына сондай-ақ жүктің үстемесі, тауарды ішке жеткізуді ресімдеудің ақысы (тауармен бірге жүретін құжаттарды ресімдеудің шығындары), тауарларды тасымалдау кезіндегі күтуге кететін шығындар (яғни қажетті температураны, ылғалдылықты ұстауға, желдетуге және емдеуге кететін, тауарларды сақтауды қамтамасыз етуге қажетті шығындар) енгізіледі.

Егер мәміле бағасы тауарды басқа жерге жеткізіп беруді көздесе, онда бағаға тиісті түзетулер енгізу керек. Мысалы жеткізілімнің (ДДР) шарттары бойынша апарылатын жері жүкті кедендік ресімдеу орынынан алысырақта болса, онда көлік шығындарындағы айырмашылықты - декларанттың өтініші бойынша және тиісті құжаттар мен есептерді ұсынғанына қарай - кеден құнынан шығарып тастау керек. Көлік және төлем құжаттары ортақ болғанда шығындарды бөлу арақашықтық бойынша тепе-тең жүзеге асырылады, яғни "көліктік километрлік кілт" бойынша.

Егер шарт бойынша кедендік ресімдеу орнына дейінгі көлік шығындары бағаға түгел енгізілмеген болса (мысалы, EXW, FOB және т.б.), онда мәміле бағасына қосымша баға қосу қажет.

Тауарды тасымалдауға құжаттар көрсетілмеген жағдайда кеден ақысын 1-әдіс бойынша белгілей алмайды, сондықтан басқа әдістерге (2-6) көшу керек.

Кеден органында тиеу-түсіру және қоймалау жұмыстары мен қызметтерінің қызмет прејскурант бағалары мен тиісті көлік түрлерімен тасудың тарифтері бар болса, кеден органы солар бойынша тасымалдаудың бағасын (осы есептеулерді ҚҚД-1-дің қосымшасы ретінде ресімдеп және есептеулер үшін пайдаланылған құжаттарға сілтеме жасай отырып) есептен шығара алады.

Қауіпсіздендіру шығындары - олар мәміле бағасына енбеген жағдайда - ҚҚД-1-дің тиісті бір нүктесінде көрсетілуге және бағаға қосылуға тиіс. Олай болғанда қауіпсіздендіру шығындары кедендік ресімдеуге дейінгі арақашықтықтан кем болса да толық көлемде ескеріледі.

3.3.2. Комиссиялық және өзге де делдалдық сыйақыларды төлеу жөніндегі шығындар

Кеден ақысына тауарды сату жөніндегі комиссиялық (делдалдық) шығындар ғана енгізіледі, яғни сатушының сатып алушыны тауып алып, оған тауар сату үшін шығарған шығындары. Дағды бойынша бұл шығындар сатушының бағасының ішінде-ақ болады. Егер олар бір себептен осы бағаға енбей қалса, оларды тиісті есептеулер мен төлемдік құжаттар негізінде қосымша есептен шығару керек.

Сатып алушының тауарды сатып алу жөніндегі комиссиялық (делдалдық) шығындарына баж салынбайды және кеден ақысына енгізілмейді.

3.3.3. Буып-түюге кететін шығындар

Осы шығындарды кеден ақысына кіргізу жөніндегі мәселені шешкен кезде оларды сатушы сатып алушыға төлетуге берген бермегенін ескеру қажет.

Мысалы, егер тауар тауармен бір бүтін болып есептелінетін (шыны құтылардағы қайнатпа) орайымен жеткізілетін болса, онда тауар және оның тұрған ыдысы бір тарифтік позицияға (ТН ВЭД) жатқызылады. Бұл жағдайда орау шығындары кеден ақысының ішінде енгізіледі.

Екінші нұсқа - тауар контейнермен немесе цистернамен жіберіледі, олар қайтарылатын тара, сондықтан ТН ВЭД-тің жеке позицияларына жатқызылады. Бұл жағдайда мұндай тараның құны кеден ақысына енгізілмейді, бірақ оған егер олар мәміле бағасына енгізіліп, құжатпен расталмаса, сатып алушының (контейнерді, цистерналарды) жалдаған шығындары енгізілуге тиіс.

3.3.4. Сатып алушының сатушыға тегін немесе төмен

бағалармен жеткізіп берген тауарлары мен қызметтері

Мәміленің мәлімделген бағасы сол сияқты мәмілелердің бағасынан едәуір кем болатын жағдайлар болу мүмкін, себебі оны есептегенде тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) тегін немесе төмен бағамен сатушыға сатып алушының жеткізіп (жасап) берген құны ескерілмей қалған.

Мысалы, жейде сатып алушы үшінші елден мата сатып алып, оны осы жейде тігушілерге тегін жеткізіп берген. Өндіруші сатып алушыға матаның бағасынсыз тек жейделерді өндірудің бағасын енгізіп есеп ұсынады. Кеден ақысын белгілегенде оған материалдың бағасында енгізілу керек еді.

Осындай шығындарды қарастырған кезде (Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 128-бабы 17-абзацы) төмендегі жағдаяттарды ескеру қажет.

Аспаптардың, штамптардың, үлгілердің және бағаланып отырған тауарларды өндіру кезінде пайдаланылған сол сияқты жабдықтардың шығындарын кеден ақысына енгізген кезде, екі факторға көңіл бөліну керек:

- осы элементтердің құны;
- осы құнды шеттен әкелінетін тауарларға бөлу тәртібі (әдісі).

Осы элементтердің құны ретінде импорттаушының (сатып алушының) өзімен байланыста емес тұлғадан сатып алған әйтеуір бір элементінің бағасы қабылданады.

Егер элементті импорттаушы (сатып алушы) немесе онымен байланысты бар тұлға өндірген болса, оны өндірудің шығындары соның құны болып табылады.

Егер элементті бұрынырақ импорттаушы (сатып алушы) сатып алды ма немесе өндірді ме бәрібір, онда оның құнын белгілеу үшін оның алғашқы сатып

алынған немесе өндірілген құнын қаншалықты пайдаланғанына қарай алынған азайтып барып түзету керек. Сатып алушы бір элементті жалдаған жағдайда кеден ақысына қосымша - жалдау құны болып табылады. Элементтің бағасы анықталған кезде осы бағаны шеттен әкелінген тауарларға тең етіп қосу керек. Өртүрлі маңызды нәрселер бар. Мысалы, егер импорттаушы барлық қосылатын бағаны бірден төлеп тастағысы келсе, баға алғашқы жөнелтуге қосыла алады. Басқа жағдайда импорттаушы осы бағаның алғашқы жөнелту уақытында өндірілген тауарлар единицасының санына бөлінуін өтінуі мүмкін. Немесе ол бағаның келісімі немесе берік міндеттемесі бар өнімдердің күтіп отырған бүкіл көлеміне бөлінуін сұрай алады. Бөлудің қай әдісі қолдану импорттаушы ұсынған құжатқа байланысты болады.

Мысалы. Импорттаушы шеттен әкелінетін тауарды өндіру процесінде пайдалану үшін өндірушіге үлгілер береді және онымен сатып алуға 10000 единицаға контракт жасасады. Алғашқы жөнелту уақытында өндіруші 1000 единицаның 400-ін өндіріп жатады. Импорттаушы кеден әкімшілігінен үлгілер бағасын 1000, 4000 немесе 10000 единицаларға бөлуді сұрай алады.

Сатып алушы тегін немесе төмен бағамен көрсеткен инженерлік және конструкторлық талдамалар, дизайн саласындағы жұмыстар және т.б. егер бұлар импорт елінен тыс жерлерде жасалған жағдайда ғана (бұл тәртіптің мақсаты импорт еліндегі зейіндік қызметті ынталандыру) кеден ақысына тура осылай енгізілуге тиісті.

3.3.5. Лицензиялық және басқа төлемдер

Бұл жерде бағаланатын тауарға және сатылуға қатысты лицензиялар мен төлемдер сөз болып отыр. Мысалы, тауарды экспорттау және/немесе импорттау лицензиялары, яғни тауарды сату шарты болып табылатын лицензиялар.

Бұған импорт елінде қайта өндіру құқының лицензиясы жатпайды, себебі олар халықаралық сатып алу-сату мәмілесіне жатпайды. Оларды сатып алу шығындары кеден ақысына енгізілмейді және сондықтан кеден бажы салынбайды.

Осы позицияда ескерілетін төлемдерге басқалардың ішінде патенттердің, сауда маркаларының және авторлық құқықтардың төлемдері кіреді.

3.4. Жоғарыда қарастырылған іс жүзінде төленген немесе төленетін бағаға (яғни мәміле бағасына) қосымшаларды жүзеге асыру тәртібінің жалпы талаптары ретінде мынаны ескеру қажет.

Мәміле бағасына қосылуға тиісті элементтер жөніндегі объективті және сан жағынан өлшеуге болатын мәліметтер жоқ болған жағдайда мәміле бағасы 1-әдіс бойынша белгілене алмайды.

Мысалы, роялти килограмдап импортталған және импортталған соң ерітіндіге

араластырылған белгілі бір өнімнің бір литрінің импорт елінде сатылған бағасы негізінде төленеді. Егер роялтилер ішінара импортталатын тауарларға және ішінара импортталатын тауарларға ешқандай қатысы жоқ басқа факторларға негізделетін болса (мысалы, импортталатын тауарлар жергілікті құрамдас бөліктермен араласып кетсе және жеке алғанда айырмашылығы бола алмайтын болса немесе роялтилер сатып алушы мен сатушы арасындағы арнаулы қаржы келісімдерінен бөлінбейтін болса онда роялтилерге түзетулер (толықтырулар) жасауға тырысу орынсыз болған болар еді. Алайда, егер осы бөлінгендердің мөлшері тек импортталатын тауарларға ғана негізделетін болса және сан жағынан оңай өлшеуге болса, онда іс жүзінде төленген немесе төленетін бағаға қосымша жасауға болады.

Сатып алушының Кеден кодексінің 128-бабында көзделген түзетуінен басқа өзінің жеке есебінен жасағаннан басқа іс-әрекеттері тіпті сатушы үшін пайда деп қарастырылғанның өзінде сатушыға жанама төлем болып саналмайды. Осындай іс-әрекеттерге шығатын шығындар сондықтан кеден ақысын белгілегенде іс жүзінде төленген немесе төленуге тиісті бағаға қосылмайтын болады.

Кедендік төлемдерді, акциздерді және импортталатын тауарларға салынатын ҚҚС үшін негіз болып табылатын кеден ақысын белгілегенде, екі рет есептеуге жол бермеу керек. Осыған байланысты ДДР шарттары бойынша (яғни импорттық кеден бажын төлеп) мәміле жасаған жағдайда мәміленің мәлімделген бағасынан Қазақстанда төленетін баждар мен салықтарды шығарып тастау қажет.

Іс жүзінде төленген немесе төленетін баға импортталатын тауарлардың бағасын жатады. Сонымен сатып алушыдан сатушыға түсетін импортталатын тауарларға қатысы жоқ дивиденттер немесе басқа бір төлемдер кеден ақысының бөлігі болып табылмайды.

Кеден ақысын белгілеу үшін 1-әдісті пайдалану мүмкін болмаған жағдайда 2-әдіске, дәл осындай тауарлармен мәміленің бағасы бойынша бағалау әдісіне көшу керек.

Бағалардың келесі әдісіне декларант өз бастамасы бойынша көшеді және барлық қажетті есептеулерді орындап шығарды.

Импортталатын тауарларды кедендік бағалаудың жаңа тәртібін енгізудің бастапқы кезеңінде декларант (импорттаушы) осы тәртіпті де білмеуі және өзі көздеген әдістерін өз бетінше қолдана алмауы, сондай-ақ есептеулер үшін қажетті хабарламасы болмауы мүмкін екендігін ескере отырып, кеден ақысын белгілегенде, кеден қызметкерлері мен декларанттардың бірлескен консультациясын өткізу жөн деп саналады. Мұндай консультациялардың тақырыбы ең алдымен хабарлама алмасу (мысалы, дәл осындай және/немесе осы секілді тауарлармен мәміленің болғаны, осындай тауарларға ішкі және әлемдік

рыноктың бағасы туралы және т.б.) болып табылады. Кеден қызметкері декларантқа кеден ақысын белгілеу тәртібінің талаптарын анық түсіндіруге және мәлімделген кеден ақысын міндетті түрде құжатпен растауға қажетті құжаттар тізбесін айтуға міндетті.

IV. Бірдей тауарлармен мәміленің бағасы бойынша бағалау әдісі (2-әдіс)

Кеден ақысын белгілеудің негізі ретінде 2-әдісті қолданғанда бірдей тауарлармен мәміленің бағасы қабылданады.

Қазақстан Республикасының Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 129-бабына сәйкес "бірдей" тауарлар деп бағаланатын тауарлармен барлық жағынан бірдей, оның ішінде төмендегі параметрлер бойынша:

пайдаланылатын жері мен сипаттамасы;
сапасы, сауда маркасының болу және рыноктағы беделі;
шыққан елі;
өндірілуі бірдей тауарларды түсінуге болады.

Сыртқы түріндегі болмашы айырмашылықтар (мысалы, түсі, конфигурациясы және негізгі емес функционалды бөлшектердің размері) осындай тауарларды, егер олар басқа жағынан жоғарыда аталған тауарлардың бірдейлік талаптарына сай келетін болса, бірдей тауар емес деп қарастырудан бас тартуға негіз бола алмайды.

Әртүрлі тұлғалар өндірген тауарлар сонда ғана бірдей тауарлар деп саналады, егер декларантта және кеден мекемелерінде бағаланатын тауарларды да өндірген тұлғаның тауарларының бірдейлігі туралы мәлімет болмаса.

1-мысал.

Химиялық құрамы, размері және өңделуі бірдей болат қаңылтырлар әртүрлі мақсат үшін импортталады.

Сатып алушының әдетте автомобиль корпусын дайындаған кезде қаңылтырдың бір бөлігі, ал екінші бөлігі пешті жасағанда пайдаланатынына қарамастан, осы болат қаңылтырлар бірдей деп саналады.

2-мысал.

Көркемдеуші-декоратор және көп тауар өткізуші импорттайтын буып-түю қағазы.

Буып-түю қағазы, оны тіпті декоратор және көтермеші әртүрлі бағамен импорттаса да, кеден ақысының 2-әдісінің мақсаттары үшін барлық жағдайда бірдей болып қалады. Бағадағы айырмашылықтар рыноктағы тауарлардың сапасындағы немесе беделіндегі тауарларды біртектес немесе бірдей тауарларға жатқызылған кезде қарастырылатын факторлар болып табылатын

айырмашылықтардың нендей бір дәрежесін білдірсе де, бағаның өзі соншалықты айқындаушы фактор болып табылмайды. Коммерциялық жағдайлар немесе санындағы айырмашылықтарды ескере отырып түзету 2-әдісінің талаптарына сай қажет.

3-мысал.

бірде бау және бақша зиянкестеріне улы бүріккіштің бөліктері бөлшек-бөлшек күйінде және сұйықсыз (химикатсыз) жеткізіледі. Екінші жағдайда дәл сондай бүріккіштер улы химикаттармен толтырылып жиналған нұсқасында жеткізіледі.

1. Бүріккіш жинақталған екі бөліктен тұрады: а) насостан және қақпаққа орнатылған қондырғыдан және ә) улы химикаттарға арналған контейнерден (ыдыстан).

Сонымен, қолдануға әзірленген бүріккіштер салыстырмалы (ұқсас) болып шығады, бір елде біреуі бөлшек күйінде, ал басқасы жинақталған күйінде ұсынылғанын қоспағанда, физикалық сипаттамасы мен рыноктағы беделін қоса алғанда барлық жағынан бірдей тауар болып көрінеді.

2. Жинау операциясы қарастырып отырған жиналмаған немесе жиналған тауарларды бірдей немесе сол сияқты ретіндегі айырмашылықтардың жойылуына әкеліп соғады. Сонымен бір жағдайда жиналған күйде, басқа жағдайда бөлшектенген күйінде тауарлардың жеткізілуі олардың бірдей тауар ретінде қарастырылуын жоймайды.

Бірдей тауарлармен мәміленің бағасы, егер осы тауарлар:

а) Қазақстан Республикасы аумағына енгізілу үшін сатылған болса;
ә) бағаланатын тауарлар бір мезгілде немесе әкелінгенге дейінгі 90 күннен ерте әкелінбесе;

б) бағаланатын тауарлар секілді сол шарттармен әкелінсе;

в) бағаланатын тауарлар секілді шамалы сол мөлшерде әкелінсе.

Кеден ақысын белгілеу үшін негіз ретінде қабылданады.

Осы әдісті қолдану үшін кеден мекемесі бірдей тауарларды сатуды бағаланатын тауарлар сияқты мүмкіндігінше бірдей коммерциялық шарттармен және көбінесе сол мөлшерде пайдалануға тиіс. Ондай сату анықталмаған жағдайда, бұрын болған бірдей тауарларды сатуды төмендегі үш шарттың біріне сәйкес пайдалануға болады:

а) дәл сондай коммерциялық шарттармен, бірақ басқа мөлшерде сату;

ә) әртүрлі коммерциялық шарттармен, бірақ көбінесе сол мөлшерде сату;

б) әртүрлі коммерциялық шарттармен және басқа мөлшерде сату.

Осы үш шарттың біріне сәйкес келетін сату нұсқасын таңдап алған соң, таңдап алынған нұсқаға сәйкес келетін факторларды ескере отырып түзету енгізу керек:

а) тек қана сандық факторларды;

ә) тек қана коммерциялық шарттарға қатысты шарттарды; немесе

б) коммерциялық шарттардың да факторларын, сондай-ақ факторларды да.

Шеттен әкелінетін бірдей тауарлар жөніндегі мәмілелердің осылай белгіленген бағасы бағаланатын тауарлардың кедендік ақысы болып табылады.

Осыған орай коммерциялық шарттардың немесе сандардың айырмашылығының нәтижесінде түзетудің шарты сол, ондай түзету құнның артуына немесе кемуіне әкеліп соғатынына қарамастан, түзетуді күмәнсіз мақсатты және дәл ететін, кеден мекемесіне ұсынылған дәлелдердің негізінде жасалыну керек екенін есте сақтау қажет. Сондай объективті дәлелдер ретінде өндірушінің әртүрлі шарттар мен әртүрлі сандарға қатысы бар, ішінде бағалары бар қолданылып жүрген прејскуранттары қарастырылуы мүмкін.

Мысалы, бағаланатын импортталатын тауарлар единицадан тұратын партия болып табылады, ал кеден мекемесі мен декларанттың қолында бар импортталған бірдей тауарлардың бірден бір мәміле бағасы 500 единицаны сатуға қатысты. Және сатушы сан жағынан жеңілдік жасайды деп танылады. Бұл жағдайда талап етіліп отырған түзету сатушының прејскурантының көмегімен және 10 единицаның сатуға байланысты бағаны пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бұл - сатуды мөлшері 10 единицадан жүзеге асыру керек дегенді білдірмейді, себебі прејскуранттағы бағалау сенім ұялатады және басқа мөлшерде де сату негізінде тоқтатылған. Осындай объективті шара болмағанда кеден ақысын 2-бойынша белгілеуді пайдалану қолданылмайды.

Түзетуді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Жарлығының 128-бабында көзделген мәміле бағасына қосымшасының бәрін ескеру қажет, әсіресе егер салыстырылатын тауарларды жеткізіп берудің коммерциялық шарттарының айырмашылығы, ең алдымен тасу арақашықтығынан және тасымалдау түрінен туындайтын айырмашылықтар бар болса.

Бұл түзетуді декларант анық, құжат арқылы расталған мәліметтер негізінде жасау керек.

Егер осы әдісті қолданған кезде бірдей тауарлар жөнінде мәміленің бірден көбірек бағасы анықталса, онда импортталатын тауарлардың кедендік ақысын белгілеу үшін олардың ең төменгісі қолданылады.

Мысалы, СВЕД типтес Швециядан шыққан кір жуғыш машинасын алушы Х тегін

импорттайды. Дәл сол тектес машиналарды сауда келісімі нәтижесінде АҚШ-тан сатып алушы У импорттайды.

Алушы X және сатып алушы У-тер әкелген кір жуғыш машиналар бірдей тауарлар болып табылады.

- а) Жеткізуші тегін жеткізу (мыс., компенсация) Алушы (Швеция) СВЕД типтес кір жуғыш машиналар (X)
(10 дана)

-
- ә) Сатушы бірдей тауар жеткізу жөніндегі Сатып
(АҚШ) сауда мәмілесі (100 дана) алушы
кеден ақысы
- 10 000 АҚШ долл. (У)

а) нүктесіндегі тауар үшін 1-әдіс жарамайды, себебі әкелінуінде сауда мәмілесі жоқ.

ә) нүктесіндегі тауар үшін кеден ақысын белгілеудің 1-әдісін пайдалану керек.

Бірдей тауарлар үшін кеден ақысы белгілі болғандықтан, осы ақыны

тегін жеткізілім жағдайында оларды 2-әдіс бойынша жеткізілімнің көлемі мен шарттарына (мысалы, көлік шығындарына) қажетті түзетулермен енгізумен бағалау үшін қатыстыру керек.

Практикада 2-әдіс тыс сирек қолданылады. Себебі жоғарыда келтірілген барлық талаптарды қанағаттандыратын бірдей тауарлар бойынша хабарлама табу қиын.

Егер бірдей тауарлар табылмаса, онда кеден ақысын белгілеу үшін әрі қарай біртектес тауарлармен мәміленің бағасын пайдаланатын 3-әдісті пайдалану керек.

V. Біртектес тауарлармен мәміленің бағасы жөніндегі бағалау әдісі (3-әдіс)

5.1. 3-әдісті пайдаланғанда кеден ақысын белгілеудің негізі ретінде импортталатын тауарлармен біртектес тауарлар бойынша мәміле бағасы қабылданады.

"Біртекес" тауарлар деп барлық жағынан бірдей болмағанымен, ұқсас сипаттамасы бар және ұқсас компоненттерден тұратын тауарларды түсінеді, бұл жағдай оларға бағаланатын тауарлардың міндетін атқаруға және коммерциялық жағынан өзара ауыстыруға мүмкіндік береді.

Тауарлардың біртектілігін анықтағанда мына төмендегі жағдаяттар ескеріледі ;

тауардың пайдаланатын жері мен сипаттамасы;
сапасы, тауар белгісінің болуы және рыноктағы беделі;
шығарылған елі.

Мысалы, бөлімдерінің шегі бірдей рэзіңке покрышкалар бір елде орналасқан екі әртүрлі өндірушілерден импортталады.

Әрбір өндірушінің әртүрлі марка пайдаланғанына қарамастан, рэзіңке покрышкалардың стандарттары, сапасы бір, беделі бір және импорттаушының елінде автомобиль өндірісінде пайдаланылады.

Осы мәліметтер негізінде мынадай қорытындылар жасауға болады:

а) аталған рэзіңке покрышкаларда әртүрлі сауда маркалары болуына байланысты олар бірдей тауарлар ретінде қарастырыла алмайды;

ә) соған қарамастан аталған покрышкалар барлық жағынан бірдей болмаса да, оларда бір сипаттама және құрамдас материалдар бар, осының өзі оларға бірдей міндет атқаруға мүмкіндік береді. Тауарлар бірдей стандарт сақталып орындалуына, сапа және рыноктағы бедел жөнінен бірдей болуына және сауда маркасы болуына байланысты оларды біртектес деп қарау керек.

5.2. Біртектес тауарлармен мәміле бағасы бойынша кеден ақысын белгілеудің 3-әдісін қолданған кезде, 2-әдісті қолданған кездегі принциптер қолданылады.

5.3. 3-әдісті қолдана отырып кеден мекемесі бағаланатын тауарлар

сияқты сондай тауарларды дәл сондай коммерциялық шарттармен және шамалап алғанда дәл сол мөлшерде сату жөніндегі хабарламаны мүмкіндігінше пайдалануға тиіс. Ондай сату жағдайлары анықталмаған кезде болып жүрген және мына төмендегі үш талаптың біріне сәйкес сондай тауарларды сатуды пайдалануға болады:

а) дәл сол коммерциялық шарттармен, бірақ әртүрлі мөлшерде сату;
ә) әртүрлі коммерциялық шарттармен, бірақ шамамен алғанда дәл сол мөлшерде сату;

б) әртүрлі коммерциялық шарттармен және әртүрлі мөлшерде сату.

Осы 3 шарттың біреуін таңдап алып, нұсқауға сәйкес келетін факторлар бойынша біртектес тауарлардың кедендік бағасына түзету енгізу керек:

- а) тек сандық факторлар бойынша;
- ә) тек коммерциялық шарттарға қатысы бар факторлар бойынша;
- б) коммерциялық шарттарға және сандық факторларға қатысы бар факторлар бойынша.

Импортуалатын біртектес тауарлар жөнiндегi түзетулердi ескере отырып белгiленген мәмiле бағасы бағаланатын тауарлардың кедендiк бағасы болып табылады.

Түзетулерге қойылатын талаптар тура 2-әдiс бойынша түзетулердегiдей. Мысал ретiнде 1-әдiс қолданылмайтын, құндық негiзi жоқ мәселелердi қарастырайық.

Мысал а)

Жеткiзушi жарнамаға үлгi ретiнде 5 кресло жеткiзедi.

Мысал ә)

Тауар жеткiзу консигнация шарттары бойынша.

Картоп жеткiзушi импорттаушы елiндегi өзiнiң клиентiне импорттаушы елдiң iшкi рыногында оның ең жоғары бағамен 10 000 кг картоп сатуға тиiс екенiн хабарлайды.

Импорттаушы картопты алады, бiрақ сатып алмайды, оның иесi болмайды - тек картопты сатады. Картопты сатылып болған соң сатуға, тауарды елге әкелуге кеткен шығындарды және сатушының импорттаушы елдегi жалақысы жөнiндегi шығындары шегерiлген түскен табыс (ақша) иесiне қайтарылады.

Мысал.

а) Жеткiзушi (Швеция)	Тегiн жеткiзу (кепiлдiк есебiнен)	Алушы (P)
--------------------------	--------------------------------------	--------------

Кiр жуғыш машина
"СВЕД" 10 дана
(жеткiзiлу 01.10.92 ж.)

ә) Сатушы (АҚШ)	Бiртектес тауарды жеткiзу жөнiндегi сауда мәмiлесi.
--------------------	---

- Кiр жуғыш "Альфа"
машинасы 1000 дана;
Бағасы FOB. Кедендiк
бағасы - 1000 000 АҚШ
долл. (жеткiзiлу 05.07.92 ж.)

б) Сатушы (Финляндия)	Бiртектес тауарды жеткiзу жөнiндегi сауда мәмiлесi.
--------------------------	--

- Кiр жуғыш "Бета" машинасы

20 дана; Бағасы CIF.

Кедендік бағасы - 1800 АҚШ

долл. (жеткізілу 20.06.92 ж.)

в) Сатушы Біртектес тауарды жеткізу
(Германия) жөніндегі сауда мәмілесі.
- Кір жуғыш "Гамма" машинасы
15000 дана; Бағасы ДАҒ.

Кедендік бағасы - 1000000 АҚШ

долл. (жеткізілу 25.06.92 ж.)

Бұл жерде бірдей тауарлар көрсетіліп отырған жоқ, себебі тауарлардың сауда маркалары әртүрлі және сыртқы пошымында негізінен айырмашылықтар бар.

Сонымен бұл жерде әңгіме сапасы бір, бір материалдан жасалған, бір өндіруші шығарған біртектес тауарлар туралы болып отыр. Саудада олар бірін бірі алмастыра береді.

Ә,Б, В нүктемелеріндегі тауарлардың бағалаудың 1-әдісі бойынша белгіленген кедендік құны бар. а) тауары үшін керісінше бағалаудың 1-әдісі шығарылып тасталған (сатып алу фактісі жоқ). 2-әдіс қолданылуы мүмкін емес, себебі бірдей тауарлардың кедендік құны жоқ. Сонымен бұл жерде бағалаудың 3-әдісін қолдану керек. Біртектес тауарлар үшін кедендік құн бар болғандықтан (ә, б, в тауарлары), оны а) тауарын тегін жеткізу үшін бастапқы есептеу негізі ретінде қолдануға болады.

Алайда бұл жағдайда біртектес тауарлармен мәміленің 3-інің ішінен бағаланатын тауарларды жеткізу шарттарына шарттары көбірек сәйкес келетінін таңдап алу керек.

Осы жерде салыстыру үшін көбінесе лайықтысы б) жеткізілімі болады. Жеткізілу күнінің әлдеқайда алыстығына қарамастан, ол тауарлар саны жағынан әлдеқайда жақын, ал коммерциялық шарттары - SIF - кеден ақысын белгілеуге өте жақсы келеді, оның үстіне бұл нұсқамада аумақ жағынан жеткізіп берушіге әлдеқайда жақын (а жағдайы).

Сонымен, қажетті түзету жасай отырып, б) тауарының кеден ақысын а) жеткізілімін бағалау үшін пайдалануға болады.

Егер кеден мекемесінде бірдей не бір тектес тауарлардың кеден ақысы туралы хабарлама болмаса, онда бағалаудың басқа әдістеріне көшу керек.

Декларанттың қалауы бойынша 4 және 5-әдістердің қолданылу реті

өзгертілуге болатынын осы орайда есте сақтаған жөн.

VI. Бағаны шегеріп тастау негізінде бағалау әдісі (4-әдіс)

6.1. Бұл әдістің мәні мынада, бұл жерде кеден ақысы белгілеу негізінде бағаланатын, бірдей немесе біртектес тауарлардың ішкі рынокта өзгермеген күйінде сатылатын сатылу бағасы алынады.

6.2. Бағаны шегеріп тастау әдісін пайдаланғанда, негіз ретінде бағаланатын, бірдей немесе біртектес тауарлар Қазақстан Республикасы аумағында сатушыдан тәуелсіз сатып алушы тауарды ел ішінен әкелетін мерзімге өте жақын уақытта ең көп партиясы сатылатын тауар единицасының бағасы қабылданады.

6.3. Ішкі бағаның негізінде кеден ақысын есептеп шығару мүмкін болу үшін, одан ішкі рынокқа ғана тән элементтерді, яғни осы тауарларды импорттаудан кейін шығарылған шығынды бөліп қою керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Жарлығының 131-бабына сәйкес тауардың ең көп сатылатын партиясының бағасынан, егер оларды бөлуге мүмкін болса, төмендегі компоненттер шегеріледі:

а) комиссиялық сыйақыларды төлеуге кететін шығындар және тауарларды еркін айналымға шығарғаннан кейінгі Қазақстан Республикасы аумағындағы тасымалдау, сақтандыру, тиеу-түсіруге кететін шығындар;

ә) импорттық кеден баждарының, салықтардың, жиындардың және

тауарларды шеттен әкелуге және/немесе сатуға байланысты Қазақстан Республикасында төленуге тиісті басқа төлемдердің сомалары.

6.4. Ішкі рыноктағы тауарлардың сату бағасын таңдағанда, қарастырылып отырған тауарларды импорттаудан кейін алғашқы коммерциялық деңгейде сатып алуды (яғни импортталған тауарлардың алғашқы қайта сатылуын) пайдалану керек.

6.5. Кеден ақысын соған қарап анықталатын тауар партиясын тандап алу мысалын қарастырайық.

1-мысал.

Сату көлемі	Біреуінің бағасы	Сатылу саны	Осы бағамен
1-10 единица	- 100	3 ед-дан 5 сатылу	сатылғандардың
		5 ед-дан 10 сатылу	жалпы саны 65
11-25 единица	95	11 ед-дан 5 сатылу	55

25 единицадан	90	30 ед-дан	1 сатылу
аса		50 ед-дан	1 сатылу
			80

Бір бағамен сатылған тауар единицаларының ең көп саны 80 болды, сонымен көрсеткіштері әсіресе біріктірілген тауар партиясы единицасының бағасы 90 болады.

2-мысал. 2 сату жөнінде хабарлама бар. Алғашқы сатудан 500 единица

тауардың әрбір единицасы үшін бағасы 95 валюталық единицадан сатылды. Екінші сатуда 400 тауар единицасы әрбір тауар единицасы үшін бағасы 95 валюталық единицадан сатылды. Бұл мысалда бір бағамен сатылған ең көп тауар единицасы 500 болды; сонымен көрсеткіштері әсіресе біріктірілген тауар партиясы единицасының бағасы 95 болды.

3-мысал. Қарастырылып отырған жағдайда тауарлардың әр түрлі саны әртүрлі бағамен сатылады.

а) Сатулар саны	Тауар единицасының бағасы
40 единица	100
30 единица	90
15 единица	100
50 единица	95
25 единица	105
35 единица	90
5 единица	100

Бір бағамен сатылған тауарлар единицасының жалпы санын анықтайық.

Жинақталған Сатылған саны	Тауар единицасының бағасы
65	90
50	95
60	100
25	105

Бұл мысалда бір бағамен сатылған тауар единицалардың ең көп саны - 65; сонымен, көрсеткіштері әсіресе біріктірілген тауар партиясы единицасының бағасы 90 болады.

6.6. 4-әдіс бойынша кеден ақысын белгілеу мақсатында тауар единицасы бағасын белгілеген кезде пайдалану үшін Кеден кодексінің 128-бабы 17 абзацында көзделген кейбір элементтерді оларды импорт еліне тауарларды экспорт үшін өндіруге және сатуға байланысты пайдалану үшін сатушыға тікелей немесе жанамалай тегін немесе төмен бағамен жеткізіп беріп тұратын импорт еліндегі тұлғаға сатуды ескермеу керек.

6.7. Ішкі рынокқа сатылған тауарларды таңдағанда бірдей дәрежелі немесе түрі бірдей тауарларды пайдалану үшін бағаланатын тауарлар шыққан елдің де басқа елдердің де тауарларын қарастыруға болады.

4-әдіс мақсаттары үшін "ең жақын мерзімді" анықтағанда ол мерзім тауар единицасының бағасын белгілеу үшін жеткілікті көлемде шеттен әкелінетін тауарларды, немесе бірдей, немесе сол секілді импортталған тауарларды сатқан мерзім болады.

6.8. Тәртіп белгіленгеніндей (Кеден кодексінің 131-бабының 7-абзацы) ішкі рынокта бағаланатын, бірдей немесе біртектес тауарларды әкелінген кездегі күйіндегідей сату болмаған жағдайда декларанттың өтініші бойынша ұқсатудан өткен және Кеден кодексінің (жоғарыдан қара) 131-бабына сәйкес шегерілген қосымша құнға және компоненттеріне енгізілген түзетулерді тауар единицасының бағасы пайдаланылады.

Және әрі қарай өңдеу барысында қосылған бағаны шығарып тастау осындай жұмыстың бағасына қатысты объективті және сан жағынан анықтауға болатын мәліметтерге негізделу керек. Есептерге өндірісте қабылданған формулалар, құрылыс әдістері және өндірістің тиісті салаларындағы басқа практика негіз болу керек.

6.9. Дағды бойынша импортталатын тауарлар ары қарай ұқсатудың нәтижесінде өзінің бірдейлігін жоғалтатын жағдайларда төртінші әдіс әдетте қолданылмайды. Алайда импортталған тауарлардың бірдейлігі жоғалса да, ұқсату барысында қосылған баға аса қиындықсыз дәл белгілеуі мүмкін жағдайлар да кездеседі. Екіншіден, импортталған тауарлардың өзінің бірдейлігін сақтайтын жағдайлар да болуы мүмкін, бірақ импорт елінде сатылатын тауарлардың ішінде болмашы элемент құрайтындықтан, бағалаудың бұл әдісін қолдану өзін-өзі ақтамайды. Жоғарыда жазылғандарға байланысты әрбір осы секілді жағдай әр жағдайда жеке қаралып, кеден мекемесі әр ахуалдың нақтылы жағдаяттарына сәйкес шешімдер қабылдау керек.

Мысалы. Кеден ақысын белгілеудің 4-әдісі алдыңғы әдістер қолданыла

алмайтын болғанда ғана қолданылады. Бұл әдіс көптеген шеттен әкелінетін тауарларға ары қарай Қазақстан кеден аймағы шегінде қызмет көрсетіледі дегенге сүйенеді. Сонымен, импорт кезінде әлі тауар мәмілесі жоқ болса да, ол кейініректегі сату кеден ақысын белгілеу үшін ескертілетін болады.

Бұл әдіс импорт тауарлары ары қарай өңделетін (ұқсатылатын) болғанда да қолданыла береді.

Бағаға әсер ету

Сатушы (АҚШ)	1-сатушы (P)	2-сатушы (P)
8 000 АҚШ дол.		
Негізгі акцио. нерлік қоғам	Бәсіре қоғам - Сатушы	Сату 15 000 АҚШ дол.

Бағалаудың 1-әдісі негізгі акционерлік қоғамның бәсіре қоғамға сатуын бағдарлайды, себебі бұл сауда мәмілесі болса да, бағаны құруға байланыс арқылы әсер етеді, біркелкі тауарларға кеден ақысының болмауы және біртектес тауарларға кеден ақысының болмауы 2-3 әдістерді қолданылмайды.

Бұл мысалда алушы импорт тауарларын импорттаушы елде сататындықтан, кеден ақысы осы сатудың негізінде белгіленуі мүмкін.

Сатылу бағасы 15000 АҚШ доллары кеден ақысы негізінде қарастырыла алмайды, бұл баға өзгертілуге тиіс (Кеден кодексінің 131-бабының 3-абзацы). 1 сатушының 2-сатушыға сауда үстемесі ең көп ұстап тұруға болатын баға болар еді, себебі түптеп келгенде кеден бағасы шеттен әкелінетін тауарға қатысты белгіленеді (1-сатушыға сатушының тегін жеткізілімі).

VII. Бағаларды қосу негізінде бағалау әдісі (5-әдіс)

7.1. Кеден ақысын белгілеу үшін негіз ретінде 5-әдісті қолданған кезде:

- материалдардың және бағаланатын тауарларды өндіруге байланысты өндірушінің материалдарға және өзге шығындарға кеткен бағасын;
- экспорттаушының елінен түрлі дәл сондай тауарларды Қазақстан Республикасында сатуға тән жалпы шығындарды, оның ішінде тасымалдаудың,

тиеу-түсіру жұмыстарының, Қазақстан Республикасы аумағында кедендік ресімдеу орнына дейінгі сақтандырудың бағасын;

б) осындай тауарларды Қазақстан Республикасына жеткізу нәтижесінде экспорттаушының әдетте алатын табысын қосу жолымен есептелген тауар бағасы қабылданады.

7.2. Бұл әдіс бойынша кеден құны импорт елінде алынған хабарлама негізінде де және импорт елінен тыс жерлерде ғана алуға болатын бағаланатын тауарларды өндірудің шығындары туралы хабарлама арқылы да белгіленеді. Дағды бойынша, көп жағдайда тауарды өндіруші импорт елінің, яғни Қазақстанның билеуші органдарына бағынбайды. Осыған байланысты бағаны есептеп қойған әдісті пайдалану сатып алушы мен сатушы өзара тәуелді болатын шарттармен шектелетін болады және өндіруші импорт елінің билеуші органдарына өндіріс шығындары туралы қажетті мәлімет беруге дайын тұрады және қажет болып қалатын оларды одан кейінгі тексеруді жеңілдетеді.

Осы орайда шығындар туралы мәліметтер өндірушінің өзі берген немесе соның атынан берілген бағаланатын тауарларды өндіруге қатысты хабарлама негізінде белгіленеді. Ол өндірушінің коммерциялық есеп берулеріне негізделуге тиісті, бір шарты сол - ондай есеп берулер тауар өндірілген елде қолданылатын көпшілікке ортақ есеп принциптеріне сәйкес келеді.

7.3. Шығындардың ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 128-бабында көзделген элементтерінің бағасы кіреді. Олардың ішіне шеттен әкелінген тауарларды өндіруге байланысты пайдалану үшін сатып алушының сатушыға тікелей немесе жанамалай жеткізіп берген, тиісті дәрежеде бөлінген кез келген элементтің бағасы кіреді. Импорт елінде жасалған элементтердің бағасы осы элементтерді орындаушы осы элементтерді төлеуді жүзеге асырғанына қарай ғана енгізілуге тиісті. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 128-бабында көрсетілген ешбір шығындар немесе элементтердің құны қосу әдісімен бағаны белгілегенде екі рет есепке алынбауға тиіс екенін есте тұтқан жөн.

Табыс мөлшері де өндірушінің өзі берген немесе соның атынан берілген хабарлама негізінде белгіленуге тиісті. Өндіруші берген мәліметтердің импорт еліне алып кету үшін өндірушінің экспорт елінде класы да, түрі де бағаланатын тауарлар сияқты тауарларды сатқанда болатын көрсеткіштерге сәйкес келетініне көңіл аудару керек.

Берілген мәліметтерді талдағанда "табыстар мен шығындардың мөлшері" біртұтас нәрсе ретінде қарастырылуға тиісті екенін атап кету керек. Осыдан шығатын қорытынды сол, егер бір жеке алған жағдайда өндірушінің табыс көлемі шамалы, ал жалпы шығындары жоғары болса, онда оның бірге алғандағы

табысы мен жалпы шығындары соған қарамастан дәл сондай класты немесе түрлі тауарларды сату кезінде көрінетін табысы мен шығындарына сәйкес келе алады. Мұндай ахуал мысалы, өнім алғаш рет импорт еліндегі рынокқа шыққанда және өндіруші табыстың нөлдік немесе төмен деңгейін соның есебінен осы рынокты меңгеруге байланысты шыққан жоғары жалпы шығындарды жабу үшін қабылданғанда пайда бола алады. Егер өндіруші импортталатын тауарларды сату кезінде ерекше коммерциялық жағдаяттардың нәтижесінде төмен табыс алатынын көрсете алса, онда оның табыстарының іс жүзіндегі көрсеткіштері еске алыну керек, бірақ оның оларды ақтап алу үшін дәлелді коммерциялық аргументтері бар, ал оның баға саясаты өндірістің сол саласындағы дағдылы баға саясатын білдіру керек деген шарты бар. Мұндай ахуал, мысалы, өндірушілер ойламаған жерден сұраныстың түсіп кетуіне байланысты уақытша бағаны түсіруге мәжбүр болған кезде немесе олар импорт елінде өндірілетін тауарлар категориясын толықтыру үшін тауарлар сатып, өздерінің бәсекелестігін сақтау мақсатымен өз табысқа келіскенде пайда болуы мүмкін. Табыстар мен шығындар туралы өндірушінің өзі беретін мәліметтер бағаланатын тауарлар сияқты тауарлар класы мен түрін және өндірушілер импорт еліне алып кету үшін экспорт елінде өндірілетін тауарларды сатқан кезде әдетте білінетін мәліметтерге сәйкес келмегенде, табыстар мен жалпы шығындардың мөлшері тауарларды өндірушінің өзі берген немесе соның атынан берілген басқа анық хабарламаға негізделі алады.

Бағаны қосу әдісімен бағаны белгілеу мақсаттары үшін өндірушінің өзі берген немесе оның атынан берілген басқа хабарлама пайдаланылған кезде, импорттаушы елдің кеден органдары импорттаушыға, егер ол сұрайтын болса, осы хабарламаның шыққан көздері, пайдаланылған мәліметтер және соның негізіндегі есептер туралы мәлімдеуге тиіс.

7.4. "Жалпы шығындар" деген термин (п.7.1., б) өндірістің п.7.1., а-ға енгізілмеген тікелей және жанама шығындары мен тауарларды экспортқа сату шығындарын қамтиды.

Мысалы.

Импортталатын тауар үшін осыған дейін қолданған әдістердің бәрі кеден ақысын белгілеуге әкеліп соқпаса, онда шетелдік өндіруші берген калькуляциялық құжаттар негізінде кеден ақысын белгілеуге мүмкіндік бар, кеден ақысының ішіне мысалы материалдарға кіретін шығындар, жалпы (фрахтхат) шығындар, кіріс есептелетіні бағаның әдісі, әкелінетін тауардың кеден ақысы сияқты элементтер енеді. Импорттайтын елдің кеден мекемесі қажет деп есептесе, онда өндіруші тексеруді өз кәсіпорнында рұқсат ету керек. Бірақ бұл әдіс сирек қолданылады, себебі шетел өндірушісі өзінің калькуляциялық материалдарын беруге міндетті емес, сондай-ақ ол импорттайтын елдің кеден

мекемесін тексеруге келісуге міндетті емес. Өндіруші және Тегін жеткізіп Алушы Кеден жеткізіп беруші беру (кепілдік (Р) мекемесі есебінен)

Калькуляциялық құжаттар және мүмкін болатын тексеруге келісу тегін жеткізілім үшін бағалаудың 1-ден 4-ге дейінгі әдістері (сауда мәмілесінің болмауы, бірдей тауарлар үшін кеден бағасының болмауы, импорттаушы елдің ішкі рыногында сатудың болмауы) тіпті болмайды. Шеттен әкелінетін тауардың кедендік бағасын кеден тек өндіруші берген калькуляциялық құжаттардан санай алады. Егер күмән туа қалса, өндірушінің келісімі бойынша тексеруге тура келеді

Тауарлардың кеден ақысының осы жүйесін пайдаланатын елдердің тәжірибесі куә болғанындай, 5-әдіс практикада тым кеш пайдаланылады.

VIII. Резервтік әдіс (6-әдіс)

8.1. Егер декларант көрсетілген бес әдісті ретімен қолдану нәтижесінде кеден ақысын белгілей алмаса, немесе кеден мекемесі кеден ақысын белгілеудің осы бес әдісі қолданыла алмайды деп дәлелді түрде ойлайтын болса, онда қолданыла алмайды деп дәлелді түрде ойлайтын болса, онда бағаланатын тауарлардың кеден ақысы 1-5-әдістерді оралымдық қолдану жолымен енгізілген Тәртіптің және төменде келтірілген талаптардың шеңберінде белгіленеді және дәлелденеді.

8.2. 6-әдіспен белгіленетін кеден ақысы, мүмкін болған дәрежеде бұрын белгіленген кеден ақысы негізінде негізделу керек.

6-әдіс шеңберінде қолданылатын бағалау әдістері 6-әдістің мақсаттары мен ережелеріне сәйкес келетін, осы әдістерді қолданудың барынша икемділігімен жоғарыда келтірілген 1-5-әдістер болу керек.

8.3. Тәртіп белгілеген әдістерді қолдану кезінде рұқсат етілетін ақылымен икемделген жол табудың мысалдары мыналар болады:

а) бірдей тауарлар - оларға икемдік рұқсат етіледі:

- бірдей тауарларды енгізу жөнінде, бірақ кеден бағасы негізінде экспорттаушы елде және әйтеуір экспорттаушы елден басқа бір елде басқа өндіруші өндірген кеден бағалауға тиісті импортталған бірдей тауарлар қарастырыла алады.

- бұрынғы 4 және 5-әдістер бойынша белгіленген, импортталған бірдей тауарлардың кеден бағасын пайдалануға қатысты;

ә) біртектес тауарлар - осы тауарларға икемділік жасауға рұқсат етіледі:

- біртектес тауарларды шеттен әкелу жөнінде;

- кеден бағалауға тиісті, экспорттаушы елден басқа әйтеуір бір елде

өндірілген осындай импортталатын тауарларды кеден бағасы үшін негіз ретінде пайдаланғанда;

- бұрын 4 және 5-әдістер бойынша белгіленген, импортталған бірдей тауарлардың кеден ақысын пайдаланғанда;

б) дедуктивтік әдіс жөнінде тауарларды ішкі рынокта сату мерзімдері туралы және олардың қандай күйде импортталғаны туралы (яғни, белгілі бір ұқсату рұқсат етілгені) талаптарды түсіндірудің икемді жолы рұқсат етіледі.

6-әдісті пайдаланғанда құжат арқылы растау талабы басқа әдістерге қарағанда үлкенірек икемділікке жол береді: әлемдік бағалар ішкі рынок бағалары жөнінде хабарламалық анықтамалар пайдалану, комиссиялықтар, жеңілдіктер, табыстар, көлік тарифының және т.б. көпшілік қабылдаған

деңгейлерінің статистикалық мәліметтерін пайдалану. Осыған орай бағаланатын тауарларды жеткізу шарттарын ескере отырып мәліметтерді тиісті түзету міндетті.

8.4. Резервтегі әдісті қолданғанда кеден мекемелері декларантқа өздеріне бар баға хабарламасын береді.

6-әдіс бойынша кеден ақысын белгілеу негізі ретінде:

- а) ішкі рыноктағы тауар бағасы;
- ә) отандық тауардың бағасы;
- б) экспорттаушы елден үшінші елдерге жеткізіліп берілетін тауар бағасы;
- в) еркін белгіленген немесе анық расталған баға пайдаланыла алмайды.

1 қосымша

Қазақстанға шеттен әкелінетін тауардың кеден ақысының есептеудің мысалы (шарты цифрлар келтірілген)

Тауар: данасы 36000 АҚШ долл. тұратын 5 буып-түйгіш машина

Буып-түйюі: данасы 100 АҚШ долл. тұратын 5 арнаулы жәшік

Төлем шарты: Серіктес арасындағы көп жылғы

қарым-қатынастар ескеріліп фирмаға баға жөнінен
1% жеңілдік беріледі.

Жеткізілу шарттары: ФОБ - Нью-Йорк

Төлем шарттары: а) жүкті алып төлеген кезде баға жөнінен

3% жеңілдік

- ә) алғашқы ай бойы жүкті алып төлеген кезде-баға жөнінен 2% жеңілдік;
- б) 2 ай бойы жүкті алған соң төлеген кезде бағадан 1% жеңілдік;
- в) екі ай өткен соң төлеген кезде - айып соманы төлеу

Ескертпе:

- 1) Сатушы мен сатып алушы арасында өзара тәуелдік жоқ.
- 2) Тауар төлеу оны алған соң бірден төленген.
- 3) Көрсетілген құжаттардан мынау шығады:
 - а) Нью-Йорк - Атырау теңіз фрахты 450 АҚШ долл. болды.
 - ә) Теңіз жолымен тасуды сақтандыру 1000 фр. франкы.
 - б) Атыраудан Алматыға дейін жүк көлігімен тасуға кеткен шығын 3000 теңге
(Атырауда теплоходтан машиналарға қайта тиеу (есебі келтірілген) 2550 теңге болғаны тағы мәлім
 - г) Көлік хаттарын төлеуді ресімдеу және экспедитордың сыйақы 900 теңге.

Кеден ақысын жасап мәлімдеген сәттегі қайта есептеу курсы:

1 АҚШ долл. - 63 теңге

1 фр. франкі - 13 теңге болды.

Кеден ақысын есептеу былай жүргізіледі:

Тауардың алына сала бірден төленгені есепке алынады:

5 буып-түйгіш машинаның бағасы-

$5 \times 36000 \text{ АҚШ } \$ \times 63 \text{ теңге} = 11340000 \text{ теңге}$

Сатушыға сенгендік тең бағаға жасалған жеңілдік

$11340000 \times 1\% = 11340000 \text{ теңге}$

Жеңілдік ескерілген баға 11226600 теңге

Төлем шарттары бойынша $11226600 \times 3\% = 336798 \text{ теңге}$

Берілген жеңілдіктер ескерілген баға 10889802 болды.

Ары қарай осы бағаға қосу керек:

1. Буып-түю бағасын $5 \times 100 \$ \text{ АҚШ } \times 63 \text{ теңге} = 31500 \text{ теңге}$

2. Нью-Йорк - Атырау 450 АҚШ \$ x 63 теңге -
фрахтының бағасы - 28350 теңге.

3. Теңіз сақтандыруының бағасы - 100 фр. франкі x 13 теңге
- 1300 теңге

4. Атырауда теплоходтан машиналарға қайта тиеу 2550 теңге
5. Атыраудан Алматыға дейін жүк машинасымен тасуға кеткен шығыс 3000 теңге
6. Жүк тасушымен тасуды сақтандыру 15000 теңге
7. Экспедитордың сыйақысы ескерілген көлік хаттарын ресімдеу бағасы 900 теңге

Жоғарыда келтірілген шығындарды ескергенде тауардың кеден ақысы былай болады:

берілген жеңілдіктер ескерілген тауар бағасы + бағаға
"Қосымшалар", атап айтқанда:
10889802+31500+28350+1300+2550+3000+1500+900 - 10972402 т.

2 қосымша

Шеттен әкелінетін тауарлардың құнын декларациялаудың жуық рәсімі

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Жарлығының 123-бабына сәйкес декларант Кеден комитеті белгілеген үлгі бойынша кедендік құн декларациясын толтырады, ал кеден ресімін жасайтын кеден органы декларанттың мәлімдеген кеден ақысын белгілеудің дұрыстығына бақылау жасайды.

Кеден бақылауының нәтижесі осы тауардың іс жүзінде төленген немесе төленуге тиісті бағасын және мәлімделген кеден ақысының құрылымы дұрыс белгіленгенін және көлемін белгілеу болып табылады.

Декларанттың шеттен әкелінген тауарлардың кеден ақысын белгілеудің дұрыстығын тексерудің барысында:

- а) таңдап алынған әдісті қолдану мүмкіндігі мен дұрыстығы және
- ә) кеден ақысының көлемі белгілеудің дұрыстығы анықталады.

Осы мақсат үшін кеден қызметкері мыналарды жүзеге асырады:

1. Декларанттың өзіне қойылған талаптарға сай екендігін, оның ішінде декларанттың барлық қажетті реквизиттері бар болуын, оның қажет жағдайда кеден органдары талап ететін кеден ақысын растайтын қосымша мәліметтер беру және экспорттық-импорттық операциялар бойынша мәліметтерді кеден органдарының құжаттары арқылы тексеруге мүмкіндік жасай алатын

мүмкіндіктерін тексереді.

2. КҚД-1 үлгісінің барлық нүктелерін оны толтыру жөніндегі нұсқауға сәйкес дұрыс толтырылуын тексереді.

Осы үлгіде көрсетілген кеден қызметінің белгілері мен ескертпелерінен басқа барлық нүктелерді берген барлық мәліметтері үшін толық жауап беретін декларант толтырады.

(КҚД-1) декларациясында көрсетілген мәліметтердің бәрінің астына декларант тиісті төлемдік, банкілік, тауармен бірге жүретін, коммерциялық және кеден құжаттарын осы сомаларды растап көрсетуге міндетті. Мәлімделген кеден ақысын растайтын қажетті құжаттар болмаған жағдайда декларант кеден органының талабы бойынша оған осы үшін мәліметтер беруге міндетті.

3. Кеден ақысын белгілеу үшін 1-әдісті қолдану мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды, оның ішінде:

а) мәміле сипаты тұрғысынан (сатып алу-сату фактісінің, импорт еліне экспорттау мақсатымен сатудың, мәміленің құндық негізінің бар болуы);

ә) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 128-бабындағы талаптарына сәйкес келу тұрғысынан;

б) қажетті төлемдік, банкілік, тауарлармен бірге жүретін коммерциялық, кедендік құжаттардың бар болуы, сондай-ақ оларды қойылатын талаптарға (штамп, мөр және т.б. қосқанда барлық қажетті мәліметтердің бар болуы) сәйкес келеді.

4. Декларанттың мәлімделген кеден ақысын, оның ішінде соған кіргізілуге тиісті қосымша элементтерді растайтын құжаттары болмағанда және осыған байланысты кеден ақысын белгілеу үшін 1-әдісті қолдану мүмкін болмағанда:

а) декларантқа өзі мәлімдеген бағаны, оның анықтығына және/немесе белгілеудің дұрыстығына дәлелді күмән туған жағдайда растауға мүмкіндік беру керек.

Кеден мекемесі декларантқа өзі мәлімдеген кеден ақысын белгілеу және оны растайтын құжаттарды көрсету үшін 14 күн мерзім беріледі.

Егер декларант осы мерзім ішінде өзі пайдаланған мәліметтердің анықтығын растайтын дәлелдер келтірмесе, кеден мекемесі Кеден кодексінің 126-бабына сәйкес декларанттың таңдап алған бағалау әдісін пайдалану мүмкін еместігі туралы шешім қабылдауға және сондықтан ол мәлімдеген кеден ақысының көлемін қабылдамауға қақылы.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 140-бабына сәйкес өндіріліп алынатын кеден баждары және жиындарының есептелген сомалары қайта есептеледі.

Кейінге қалдырылған мерзім шарттарын орындамайтын тұлғаларға кеден мекемесі кейінге қалдыру мерзімін беруден бас тарта алады.

а) Декларанттың бастамасы немесе жеке ұсынысы бойынша (яғни кеден мекемесінің ұсынысы бойынша) кеден ақысын белгілеудің келесі әдісіне көшу қажет.

Бағалау үшін әрі декларант берген, әрі кеден органында бар хабарлама пайдаланыла алады.

Мысалы, импорттаушыда тауарды ресімдейтін кеден органында жоқ, бірдей немесе импортталатын сол сияқты тауарлардың кеден ақысы туралы хабарлама болады. Ондай хабарлама, егер оны растау үшін, мысалы, бірдей немесе сол секілді тауарлармен мәмілелер жөніндегі коммерциялық, кедендік және төлемдік құжаттардың көшірмелерін көрсетілген болса, пайдаланылуы мүмкін.

Кеден ақысын белгілеу барысында тауарлардың кеден ақысының бастапқы негізін және оған қажетті түзетулерді өте дұрыс анықтау мақсатымен импорттаушымен (декларантпен) консультация жүргізуге болады.

5. Барлық қажетті құжаттар барда және 1-әдісті қолдану шарттарына сәйкес келгенде декларанттың кеден ақысын есептегеннің дұрыстығы, оның ішінде оның құрамына Тәртіпте көзделген барлық элементтердің енгізілуінің және кеден ақысын белгілегенде ескерілмеуге тиісті шығындардың негізділігі тексеріледі, оның ішінде:

- декларациядағы мәліметтердің кеден ақысына (КҚД-1) және дәл осындай мәліметтердің кедендік жүк декларациясына (КҚД-1) оның ішінде құнның натуралдық көрсеткіштеріне (салмақ, орын саны және тағы басқа) сәйкес келуін тексеру;

- шетел валютасымен есептеу курсы қолдану дұрыстығын және декларант жасаған шығындарды тиісті қайта есептеудің дәлдігін тексеру.

6. Декларант таңдап алған кеден ақысын белгілеу әдісін қолдану мүмкін еместігі туралы шешім қабылдағанда, декларация бастамасы бойынша немесе ол жоқ болса, кеден қызметкерінің шешімі бойынша тауарлар олардың белгіленген реттілігіне сәйкес қолданылуға тиісті әдістер бойынша бағаланады.

Осы кезде рәсімге және хабарламаға қойылатын талаптар сақталады.

7. Кеден қызметкері мен декларант арасында кеден ақысының көлеміне пікір қайшылығы туған жағдайда іс-әрекеттер жасалуы мүмкін.

Егер декларант кеден ақысының көлемі жөніндегі шешімді (келісімді) күтпей жүкті өткізу керек деп тұрып алса:

а) жүкті ресімдеуші кеден мекемесі декларанттың өтініші бойынша оған мүлікті кепілдікке пайдалану ретінде оған тауар бере алады немесе импорттау бажын төлеу жөнінде мерзім берудің белгіленген тәртібіне сәйкес өкілетті банктің кепілдігін бере алады, кеден ақысын белгілеуге байланысты болып

табылатын жүкті кедендік ресімдеу мерзімін ұзартуды импортер кеден бажын төлеуді іс жүзінде (процентсіз) кейінге қалдыру үшін пайдалана алмайды. Импорттаушының іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің нәтижесіндегі іс жүзіндегі кейінге қалдырудың әрбір күні үшін тиісті кеден төлемдерінің 1,5 проценті өсім қосылып отыруға тиіс.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Жарлығының 125-бабында (8-абзацында) көзделгеніндей, декларанттың өзі мәлімдеген кеден ақысын нақтылауға немесе кеден органына оның қосымша хабарлама беруіне байланысты туындаған барлық қосымша шығындар (оның ішінде іс жүзінде болған кейінге қалдыру үшін өсімдер) декларанттың есебіне жатқызылады.

8. Шеттен әкелінетін тауарлар бағасын Тәртіп белгілеген бірде бір әдіс бойынша бағалау мүмкін болмаған жағдайда тауар/баға сараптауын жүргізу жолымен бағалануға болады.

Кеден бағасын іске асыру барысында мына жағдайларды ескеру қажет:

- Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 124-бабына сәйкес декларанттың кеден органына коммерсанттық құпия немесе конфиденциялды ретінде мәлімдеп берген хабарламасы тек қана кеден мақсаттары үшін пайдаланылады және декларанттың арнаулы рұқсатынсыз кеден органының лауазымды тұлғалары оны жеке басының мақсатты үшін пайдаланбайды, жария етпейді, Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға, бұдан өзге де мемлекеттік органдар кіреді, берілмейді. Коммерциялық құпияны жария еткені үшін кеден органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапты болады.

- бағаларды салыстыру үшін баға хабарламасын пайдаланған кезде бірдей және біртектес тауарлардың баға айырмашылығы, бағалардың бәрі дұрыс көрсетілмейді, яғни бағалардағы ауытқулардың жай өзі олардың анық еместігін көрсете алмайды. Мәлімделген бағаны растайтын тауарлар мен бірге жүретін барлық құжаттарды мұқият тексеру керек. Егер осындай тексеру ереже бұзылған деп таппаса, онда бағалардың елеулі ауытқуларына қарамастан декларант мәлімдеген кеден ақысы өзгертілмейді. Бұл жағдайда осы импорттаушы, декларант, және экспорттаушы ерекше бақылауға алынады.

Баға ауытқулары тіпті ұлғайып кеткен кезде 30%-тен аса) анықтама жасалып, ай сайын кеден комитетіне жіберіліп отырады, бұл жерде осы мәліметтер талданады және қорытылады, содан кейін бүкіл кеден жүйесі бойынша жиынтық мәліметтерді кеден комитеті жұмысына пайдалану үшін кеден органына жібереді

Кеден органдарының немесе Кеден комитетінің басшылығының шешімі

бойынша белгілі бір сатып алушының экспорттық-импорттық операцияларының сыртқы құжаттық, оның ішінде банкілік есептеу-төлеу операцияларының тексерілуі жүргізіле алады.

9. Кеден мекемелерінде декларанттың КҚД-1 үлгісінде мәлімдеген мәліметтеріне қатысты күмәндары болса, бірақ осы күмәндарды растайтын аргументтелген дәлелдер және фактілер болмаса, мәмілеге қатысушылардың бәрін кеден органы ерекше бақылауға алуға тиісті. Оларды қадағалайтын және олардың жүзеге асырылып жатқан операцияларын бақылайтын болады. ВЭД-ке

қатысушының адал ниеттілігінде кеденнің күмәні барын растайтын хабарлама алынғанда, (айып өндіріп алудан және бас сомаларын төлеуден бастап қылмыс туралы іс қозғауға дейінгі) тиісті шаралар қолданылады.

Осындай жағдайлардың барлығы туралы хабарлама Кеден комитетіне беріліп отырады.

Ескерту.

- 1) Халықаралық сауда практикасында импорт елінде жобалау және инженерлік талдамаларды орындау ынталандырылып отыруға тиісті, осыған байланысты олардың бағасы кеден баждарын есептеу үшін негіз болып табылатын тауарлардың кедендік құнына енгізілмейді деп саналады.
- 2) Егер сатып алушы сатушыға жарнаманы төлеудің есебін ұсынса, онда бұл сома кеден құнына енгізілуге тиісті.

Оқыған:

Багарова Ж.А.